Зерттеулеріміздің негізгі мақсаты қазақ бактриан тұқымының ересек түйелерінің артқы жіліншік және саусақ сүйектері аумағындағы негізгі нервтерінің морфометриялық зерттеуін жүргізу.

Қазақ бактриан тұқымы түйелерінің артқы жіліншік және саусақ сүйектері аумағындағы негізгі нервтерінің анатомиялық орналасуы, олардың басқа анатомиялық түзілістермен байланысуы және морфометриялық зерттеуінің материалы ретінде Батыс Қазақстан облысы Жанақала ауданының сойыс орындарынан және жеке секторынан 5-7 жастағы үш клиникалық дені сау жануардан 6 препарат (дистальды бөліктері) алынды.


Негізгі нервтерді препарациялауды жаңа алынған препараттарда жасадық, нервтерді қаптайтын дәнекер ұлпалы элементтерді бұзу үшін 5%-к сірке қышқылын қолдандық, оны препарация жасалатын бөлікке пипетка көмегімен жеткіздік.

Артқы жіліншік және саусақ сүйектері аумағындағы негізгі нервтерді морфометриялық зерттеу кезінде артқы жіліншіктің әр деңгейіндегі ені және қалыңдығы анықталды. Зерттеулерді циркуль, темір миллиметрлік сызғыш және штангенциркуль көмегімен жүргіздік.

Нақты анатомиялық зерттеу жолы арқасында бактриан түйесінің артқы аяғының дистальды бөлігін негізінен шонданай нервсінің ірі бұтағы болып табылатын асық жілік нервсі - n. tibialis, - қамтамасыз ететіні анықталды. Асық жілік нервсі өту жолы бойынша ортан жіліктің проксимальды бөлігі деңгейінде каудальды бағытта үш ірі және төрт орташа бұтақтарын ортан жілік артындағы бұлшықеттер тобына береді. Әрі қарай нерв дистальды бағытта түсіп, сирақтың ортаңғы бөлігі деңгейінде тері қалыңдығына плантарлы тері нервсін және бұлшықеттерге үш ірі дистальды бұлшықет бұтақтарын береді. Аталған бұтақтар бөлініп кеткеннен соң асық жілік нервсі асық жілік шыбығынан бөлініп, сан бұлшықетінің бастары аралығында дистальды жолмен өтеді де, сирақтың медиальды бетіне сафен венасы және артериясымен бірге қуатты қан тамыр-нервті шоғыр түрінде шығады.

1 - кесте. Артқы жіліншік және саусақ сүйектері аумағындағы негізгі нервтер енінің морфометриялық көрсеткіштері (мм)

Нервтер атауы	n	Lim	$\bar{x} \pm Sx$	σ	Cv
Асық жілік нервсі (артқы жіліншіктің үштен бір бөлігінің жоғарғы деңгейі)	6	9,3-10,6	10,06±0,14	0,21	2,08
Латеральды плантарлы артқы жіліншік нервсі	6	4,9-6,1	5,51±0,13	0,2	3,65
Медиальды плантарлы артқы жіліншік нервсі	6	4,5-5,7	5,10±0,13	0,2	3,92
4-ші саусақтың латеральды арнайы саусақ нервсі	6	4,4-5,4	4,76±0,10	0,16	2,10
4-ші саусақтың медиальды арнайы саусақ нервсі	6	4,2-5,0	4,48±0,08	0,13	2,90
3-ші саусақтың латеральды арнайы саусақ нервсі	6	4,3-5,2	4,68±0,10	0,15	3,20
3-ші саусақтың медиальды арнайы саусақ нервсі	6	4,0-4,8	4,38±0,13	0,13	2,90
Дорсальды артқы жіліншік нервсі (артқы жіліншіктің үштен бір бөлігінің жоғарғы деңгейі)	6	4,3-5,5	4,91±0,13	0,20	3,20



Әрі қарай асық жілік нервсі сафен венасы және артериясымен бірге тізе буынының медиальды бетімен дистальды бағытта өтеді де, артқы жіліншіктің үштен бір бөлігінің жоғарғы деңгейінде асық жілік нервсі медиальды және латеральды болып, екі плантарлы артқы жіліншік нервтеріне бөлінеді.

Сурет.1. Бактриан түйесінің артқы жіліншігінің негізгі нервтері.

1. Асық жілік нервсі. 2. Медиальды плантарлы нерв. 3. Латеральды плантарлы нерв. 4. 3-ші саусақтың медиальды арнайы саусақ нервсі. 5. 3-ші саусақтың латеральды

арнайы саусақ нервісі. 6. 4-ші саусақтың латеральды арнайы саусақ нервісі. 7. 4-ші саусақтың медиальды арнайы саусақ нервісі.

Қазақ бактриан тұқымының ересек түйелер тобында асық жілік нервісінің ені артқы жіліншіктің үштен бір бөлігінің жоғарғы деңгейінде орташа есеппен $10,06 \pm 0,14$ мм, қалыңдығы $3,53 \pm 0,08$ мм тең, бұл кездегі лимиті сәйкесінше $9,3-10,6$ мм және $3,3-3,8$ мм, мұндағы $Cv=2,08\%$, ($p<0,05$) және $Cv= 2,26\%$, ($p<0,05$) болды (кесте 1, 2).

Артқы жіліншіктің ортаңғы деңгейінде нерв артериямен бірге артқы жіліншіктің плантарлы бетіне жайлап ауытқиды да, дистальды бағытта жүреді.

Латеральды плантарлы артқы жіліншік нервісі саусақ бүккіштер сіңірлерінің тармақталу деңгейінде 4-ші саусақтың арнайы саусақ нервілері ретінде екіге бөлінеді. Арнайы нервтерге бөлінер алдында латеральды плантарлы артқы жіліншік нервісі саусақ бүккіштерінің беткі және терең сіңірлерін, сүйек аралық ортаңғы бұлшықетті және артқы жіліншіктің дорзо-латеральды бетін нервтермен қамтамасыз етеді. Ересек түйелер тобында латеральды плантарлы артқы жіліншік нервісінің ені орташа есеппен $5,51 \pm 0,13$ мм, қалыңдығы $2,28 \pm 0,02$ мм құрады, мұндағы $Cv=3,65\%$, ($p<0,001$) және $Cv= 2,85\%$, ($p<0,01$) тең болды (кесте 1, 2).

Медиальды плантарлы артқы жіліншік нервісі - n. medialis plantaris (сурет 1-2), асық жілік нервісінен тармақ алған соң қан тамырлы – нерв шоғыры ретінде дистальды бағытта, беткі медио-плантарлы артқы жіліншік артериясының алдыңғы қабырғасына жанаса отырып, терең саусақ бүккіші сіңірінің медиальды шеті бойымен жүреді. Медиальды плантарлы артқы жіліншік нервісі өзінің жолы бойымен артқы жіліншіктің дистальды бөлігін, оның медиальды плантарлы және дорсальды беттерін нервпен қамтиды. Артқы жіліншіктің үштен бір бөлігінің ортаңғы деңгейінде медиальды плантарлы артқы жіліншік нервісі латеральды және медиальды болып, 3-ші саусақтың арнайы саусақ нервілері ретінде екіге бөлінеді. Ересек жануарларда нерв көрсеткіштерінің келесідей өлшемдері байқалады – ені $5,10 \pm 0,13$ мм, қалыңдығы $2,70 \pm 0,07$ мм, бұл кездегі вариация коэффициенті сәйкесінше $Cv=3,92\%$, ($p<0,001$) және $Cv= 4,07\%$, ($p<0,01$) құрады (кесте 1, 2).

4-ші саусақтың латеральды арнайы саусақ нервісі - n. lateralis digitalis propriae IV (сурет 1-6) өзінің тармағын алғаннан соң дистальды бағытта артқы жіліншіктің сыртқы-артқы бетімен өтеді. Артқы жіліншіктің үштен бір бөлігінің астыңғы деңгейінің ортасында нерв тұсау буынның сыртқы бетіне өтеді де, 4-ші саусақтың латеральды саусақ артериясымен бірге топай буынның сыртқы бетін бойлап, топай сүйектің ортаңғы деңгейінде бірге жүретін артерияны кесіп өтеді де, артерияның төменгі бойымен тырнақ буынына барады.

4-ші саусақтың латеральды арнайы саусақ нервісі өзінің жолы бойынша тұсау буының, 4-ші саусақтың дорсальды бетін нервпен қамтиды да, табан аумағына 7-10 тармақ беріп, табанның қан тамыр-нервтік торын түзеді. Латеральды арнайы саусақ нервісінің ересек түйелердегі ені мен қалыңдығы $4,76 \pm 0,10$ мм және $2,33 \pm 0,03$ мм тең, бұл кездегі вариация коэффициенті сәйкесінше $Cv=2,10\%$, ($p<0,05$) және $Cv= 2,14\%$, ($p<0,05$) болды (кесте 1, 2).

2 - кесте. Артқы жіліншік және саусақ сүйектері аумағындағы негізгі нервтер қалыңдығының морфометриялық көрсеткіштері (мм)

Нервтер атауы	n	Lim	$\bar{x} \pm \bar{Sx}$	σ	Cv
Асық жілік нервісі (артқы жіліншіктің үштен бір бөлігінің жоғарғы деңгейі)	6	3,3-3,8	$3,53 \pm 0,08$	0,05	2,26
Латеральды плантарлы артқы жіліншік нервісі	6	2,6-3,1	$2,81 \pm 0,08$	0,05	2,85
Медиальды плантарлы артқы жіліншік нервісі	6	2,5-3,2	$2,70 \pm 0,07$	0,11	4,07
4-ші саусақтың латеральды арнайы саусақ нервісі	6	2,2-2,5	$2,33 \pm 0,03$	0,05	2,14
4-ші саусақтың медиальды арнайы саусақ нервісі	6	2,0-2,4	$2,20 \pm 0,04$	0,06	2,72
3-ші саусақтың латеральды арнайы саусақ нервісі	6	2,1-2,5	$2,25 \pm 0,04$	0,06	2,66
3-ші саусақтың медиальды арнайы саусақ нервісі	6	1,9-2,4	$2,13 \pm 0,05$	0,08	3,74
Дорсальды артқы жіліншік нервісі (артқы жіліншіктің үштен бір бөлігінің жоғарғы деңгейі)	6	2,3-2,6	$2,41 \pm 0,03$	0,05	2,07

4-ші саусақтың медиальды арнайы саусақ нервісі - *n. medialis digitalis propriae* IV (сурет 1-7), тармақ алғаннан соң саусақ бүккіштерінің сіңірлері түзген ойық ішімен жалпы плантарлы саусақ артериясының астымен дистальды бағытта өтеді. Кейін нерв жалпы плантарлы саусақ артериясымен бірге саусақ аралық тесікке түседі. Осы деңгейден бастап нерв әрі қарай 4-ші саусақтың медиальды арнайы саусақ артериясымен бірге оның 4-ші саусақтың өзіндік артерияларына бөлінетін аралығына дейін қосарлана жүреді. Тұсау сүйектің ортаңғы деңгейінде 4-ші саусақтың медиальды арнайы саусақ нервісі 4-ші саусақтың медиальды артериясымен бірге төмен түседі және 4-ші саусақтың ішкі бетімен алға жүреді; бұл жерде нерв артериядан жоғары орналасады. Өту жолы бойынша нерв саусақтың дорзо-медиальды бетін нервтендіреді, саусақ аралық тесікке тармақтарын береді және табанның қан тамыр-нerv торын құруға қатысады (сурет 1-7).

Қазақ бактриан тұқымының ересек түйелер тобында 4-ші саусақтың медиальды арнайы саусақ нервісінің артқы жіліншіктің үштен бір бөлігінің жоғарғы деңгейіндегі ені орташа есеппен $4,48 \pm 0,08$ мм және қалыңдығы $2,20 \pm 0,04$ мм тең болды, бұл кезде лимиті сәйкесінше $4,2-5,0$ мм және $2,0-2,4$ мм құрады, мұндағы $Cv=2,90\%$, ($p<0,01$) және $Cv= 2,72\%$, ($p<0,02$) болды (кесте 1, 2).

3-ші саусақтың латеральды арнайы саусақ нервісі- *n.lateralis digitalis propriae* III (сурет 1-5), артқы жіліншіктің медиальды плантарлы нервісінен тармақталғаннан соң қан тамыр-нerv шоғыры құрамымен бірге дистальды бағыт алады. Невр қан тамырлармен бірге саусақ бүккіштерінің сіңірлерінен түзілген ойық ішімен артқы жіліншіктің плантарлы бетімен жүріп, саусақаралық тесікке барады. Әрі қарай нерв медиальды арнайы саусақ нервісімен бірге тұсау сүйектің ортасына дейін барады. Кейін 3-ші саусақтың латеральды арнайы саусақ нервісі алға қарай топай сүйектің ортасына дейін 3-ші саусақтың ішкі бетімен жүреді, бұл жерде нерв латеральды саусақ артериясын жоғары қарай кесіп өтіп, алға қарай қозғалады да, үшінші фалангада тармақталады. Осы жол бойымен 3-ші саусақтың латеральды арнайы саусақ нервісі артқы жіліншіктің дистальды плантарлы бетін, саусақ аралық тесік аумағын, 3-ші саусақтың ішкі және дорсальды бетін нервтендіреді және табанның қан тамыр-нerv торын түзуге қатысады. Ересек түйелерде 3-ші саусақтың латеральды арнайы саусақ нервісінің ені және қалыңдығы $4,76 \pm 0,10$ мм және $2,33 \pm 0,03$ мм тең, бұл кездегі вариация коэффициенті сәйкесінше $Cv=3,20\%$, ($p<0,01$) және $Cv= 2,66\%$, ($p<0,02$) болды (кесте 1, 2).

3-ші саусақтың медиальды арнайы саусақ нервісі - *n. medialis digitalis propriae* III (сурет 1-6), медиальды плантарлы артқы жіліншік нервісінен тармақталғаннан кейін сүйек аралық ортаңғы бұлшықет және саусақ бүккіштерінің сіңірлерінен түзілген ойық ішімен артқы жіліншіктің медиальды бетімен дистальды бағыт алады. Артқы жіліншіктің үштен бір бөлігінің төменгі деңгейінде тұсау буынның дорсальды бетіне екі бұтақ тармақталады. Біреуі бірінші фаланганың проксимальды бөлігін нервтендіреді, екіншісі де тұсау буынның дорсальды бетіне тармақтар беріп, тұсау сүйектің медиальды бетімен дистальды бағыт алады және топай буының және екінші фаланга аумағын нервпен қамтамасыз етеді. Әрі қарай 3-ші саусақтың медиальды арнайы саусақ нервісі дистальды бағытта тұсау буынның медиальды бетімен өтеді. Тұсау сүйектің үштен бір бөлігінің төменгі деңгейінде 3-ші саусақтың медиальды саусақ артериясымен бірге нерв 3-ші саусақтың сыртқы бетіне өтеді. Топай сүйектің ортаңғы деңгейінде нерв 3-ші саусақтың медиальды саусақ артериясын үстінен кесіп өтеді және алға қарай артериямен бірге өтеді де, одан жоғары орналасады. Невр өзінің жолы бойымен тұсау буынды, 3-ші саусақтың дорсальды және медиальды бетін нервтендіреді және табанның қан тамыр-нerv торын құруға қатысады. Қазақ бактриан тұқымының ересек түйелер нервісінің ені $4,38 \pm 0,13$ мм және қалыңдығы $2,13 \pm 0,05$ мм тең. Осы жастағы жануарлар нервісінің вариация коэффициенті төмендегідей: ені $-2,90\%$, мұндағы ($p<0,02$) және қалыңдығы $-3,74\%$ мұндағы ($p<0,001$) (кесте 1,2).

Дорсальды артқы жіліншік нервісі - *n. dorsalis metatarsae* асық жілік шыбығы нервісінің жалғасы болып табылады. Невр артқы жіліншіктің проксимальды бөлігінде дорсальды артқы жіліншік артериясынан латеральды орналасады. Әрі қарай нерв дистальды бағытта түсіп, артқы жіліншіктің дорсальды бетінің ортасына өтеді. Дорсальды артқы жіліншік нервісі өзінің жолымен тұсау буын және артқы жіліншіктің дорсальды бетін нервпен қамтамасыз етеді. Ересек түйелердегі латеральды арнайы саусақ нервісінің ені мен қалыңдығы $4,91 \pm 0,13$ мм және

2,41±0,03мм тең, бұл кездегі вариация коэффициенті сәйкесінше $C_v=3,20\%$, ($p<0,05$) және $C_v=2,07\%$, ($p<0,05$) болды (кесте 1, 2).

Осыған орай, қазақ бактриан тұқымының ересек түйелерінің артқы жіліншік және саусақ сүйектері аумағындағы негізгі нервтердің морфометриясы олардың осы аумақтағы басқа да анатомиялық түзілістермен ара қатынасы жөніндегі кең ауқымды және нақты ақпарат сипаттамасын береді. Анатомиялық түзілістердің осындай сипаттамасы тәжірибедегі мал дәрігерлеріне қазақ бактриан тұқымы түйелерінің артқы жіліншік және саусақ сүйектері аумағында әртүрлі жедел араласулар өткізу барысында өте қажетті мәлімет болып табылады. Сонымен бірге, түйенің артқы жіліншік және саусақ сүйектері аумағындағы асық жілік нервісі, артқы жіліншіктің плантарлық латеральды және медиальды нервтері, 4-ші саусақтың арнайы латеральды және медиальды саусақ нервтері және 3-ші саусақтың арнайы латеральды және медиальды саусақ нервтеріне өткізгіштік жансыздандыру жасау барысында маңызы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Баймуканов, Д.А. Фенотипическая и цитогенетическая характеристика популяции двугорбых и одногорбых пород верблюдов Казахстана/ Д.А. Баймуканов, А. Баймуканов, И.К. Шарипов, Е. Зайтбеков// Первый Международный ветеринарный конгресс: материалы 10-11 окт. 2002 г. Алматы, Казахстан.- Алматы, 2002.-С. 135-138.

2. Мусаев, З.М. Селекционно-племенная работа в коневодстве и верблюдоводстве Казахстана/ З.М. Мусаев// Первый Международный ветеринарный конгресс: материалы 10-11 окт. 2002 г. Алматы, Казахстан.- Алматы, 2002.-С. 155-161.

3. Днекешев, А.К. Топографо-анатомическое обоснование блокад нервов пальцев грудной конечности верблюда-бактриана/А.К. Днекешев//Международная научно-практическая конференция «Сохранение окружающей среды – важнейшая проблема современности». - Уральск, 2005. – С. 323-324.

4. Днекешев, А.К. Особенности постановки и формы глазницы у верблюда-бактриана /А.К. Днекешев, А.К. Жубандыков//Международная научно-практическая конференция «Сохранение окружающей среды – важнейшая проблема современности». - Уральск, 2005. – С.325-326.

5. Днекешев, А. К., К вопросу об анатомии подглазничного отверстия у верблюда-бактриана // Вестник Саратовского госагроуниверситета им. Н.И. Вавилова. – 2006. - №3. – С.6-7.

УДК 636.29:619.611

БАКТРИАН ТҮЙЕНІҢ АРТҚЫ ЖІЛІНШІК АУМАҒЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ АРТЕРИЯЛАРДЫҢ МОРФОМЕТРИЯЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕРІ

*А. К. Днекешев, ветеринария ғылымдарының кандидаты, доцент
С. К. Токтамысова - магистрант*

Жаңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мақалада қазақ бактриан тұқымы түйелерінің артқы жіліншік аумағындағы негізгі артериялардың анатомиясы және олардың ересек жануарлардағы кейбір морфометриялық көрсеткіштері сипатталған. Бұл морфометриялық көрсеткіштер және анатомиялық мәліметтер артқы жіліншік аумағындағы ірінді-некротикалық процесстерді ашу және рациональды кесулер өткізу барысында өте қажетті болып табылады. Сонымен бірге, бактриан түйенің кейбір саусақ аурулары барысындағы артқы жіліншік аумағына дәрілік заттарды интраартериальды еңгізу үшін инені еңгізу нүктесін жасақтау кезінде маңызы зор.

В статье описывается анатомия основных артерии в области плюсны у верблюда породы казахский бактриан и их некоторые морфометрические показатели у взрослых животных. Эти морфометрические показатели и анатомические данные крайне необходимы при проведении рациональных разрезов и вскрытии гнойно-некротических процессов в области плюсны. Также при разработке точек вкола игл для интраартериального введения лекарственных средств в области плюсны при некоторых заболеваниях пальцев у верблюда-бактриана.

The article describes the anatomy of major arteries in paw of camel breed Kazakh Bactrian and some of their morphometric parameters in adult animals. These morphometric parameters and anatomical data are essential for rational conduct of autopsy incisions and necrotic processes in metatarsals. Also, the design point of injection needles intra-arterial drug injection in paw with some disease of fingers in camel-Bactrian.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасындағы ауылшаруашылық өндірісінің азық-түліктік бағдарламасын орындау барысындағы ветеринарияның ең маңызды тапсырмаларының біріне жануарларды емдеу және алдын алудың ғылыми негізделген әдістерін жасақтау жатады.

Жануарлар жасы, тұқымы және түр ерекшеліктері есепке алынған топографиялық анатомия аймағындағы ғылыми зерттеулерге үлкен роль беріліп отыр, осы зерттеулер нәтижелері арқылы хирургиялық араласулар кезінде өте нақты негізге алынған емдеу тәсілдері қолданылады.

Осыған орай, бактриан түйенің артқы жіліншігі аумағында әртүрлі операциялар жүргізу және негізгі қан тамырлардың топографиялық анатомиясын зерттеу тәжірибедегі мал дәрігерлері және ғалымдардың қызығушылығын тудыруда [1,2,3,4].


Біздің зерттеуіміздің негізгі мақсаты морфометриялық түрде қазақ бактриан тұқымы ересек түйелерінің артқы жіліншік аумағындағы негізгі артериялардың анатомиясын зерттеу.

Қазақ бактриан тұқымы түйелерінің артқы жіліншік аумағындағы негізгі артериялардың орналасуы, олардың басқа анатомиялық түзілістермен байланысуы және морфометриялық зерттеуінің материалы ретінде Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданының сойыс орындарынан және жеке секторынан 5-7 жастағы үш клиникалық дені сау жануардан 6 препарат (дистальды бөліктері) алынды.

Нақты түрдегі анатомиялық зерттеу барысы арқылы қазақ бактриан тұқымы түйелерінің артқы аяғының артқы жіліншігі негізінен сафен артериясы - a. saphena арқылы қанмен қамтылатыны анықталды. Артерия ортан жіліктің үштен бір бөлігінің жоғарғы аймағында ортан жілік артериясынан ірі бұтақ түрінде тармақ алады. Сафен артериясы аттас венамен бірге, оның артымен дистальды бағытта төмен түседі. Сирақ аймағында сафен артериясы ахилл сіңірінің медиальды бетіне аттас вена және асық жілік нервсімен бірге жанасады. Осы аймақта ол тілерсектің плантарлы және дорсальды торларына, өкше сүйегі төмпегінің медиальды бетіне бұтақтарын береді.

Артқы жіліншік сүйегінің проксимальды шеті аймағында сафен артериясы өте мықты беткі медио-плантарлы артқы жіліншік артериясы және өте әлсіз тереңдегі плантарлы артқы жіліншік артериясына бөлінеді.

Беткі медио-плантарлы артқы жіліншік артериясы - a. metatarsa medio-plantaris superficialis, сафен артериясының негізгі бұтағы болып табылады және артқы жіліншіктің үштен бірінің жоғарғы деңгейінде, сүйек аралық ортаңғы бұлшықеттің медиальды бетінде, артқы жіліншік сүйегі және саусақ бүккіштер сіңірлері түзген ойықта орналасады. Артерия аттас вена, асық жілік нервсі және мықты қан тамыр-нерв шоғыры құрамымен бірге жүреді. Вена артқы жіліншік сүйегінің плантарлы бетіне жанаса отырып, артерияның медиальды бағытында орналасқан, ал артерия асық жілік нервсінің алдында орналасады. Беткі медио-плантарлы артқы жіліншік артериясы вена және нервке қарағанда беткі жаққа қарай жақын орналасқан (сурет 1).



Сурет - 1. Түйенің артқы жіліншік артериялары (рентгенограмма).

1. Беткі медио-плантарлы артқы жіліншік артериясы.

2. Терең плантарлы артқы жіліншік артериясы.

3. Дистальды плантарлы артқы жіліншіктік артериальды доғасы.

4. Дистальды тесіп өткіш артқы жіліншік артериясы.

5. Дорсальды артқы жіліншік артериясы.

6. Дорсальды артқы жіліншік артериясының бұтақтары.

7. Тесіп өткіш артқы жіліншік артериясының бұтақтары.

Қан тамырлы-нерв шоғыры сыртынан күшті дамыған терең фасциямен қапталған. Қазақ бактриан тұқымы ересек түйелерінің артқы жіліншіктің проксимальды бөлігіндегі беткі медио-плантарлы артқы жіліншік артериясының диаметрі $4,73 \pm 0,06$ мм және артқы жіліншіктің дистальды бөлігінде $3,86 \pm 0,06$ мм құрады, бұл

кездегі лимиті $4,4-5,0$ мм және $3,6-4,2$ мм тең, мұндағы $Cv=2,11\%$, ($p<0,05$), және $Cv = 2,59\%$, ($p<0,01$) болды (кесте 1). Артқы жіліншіктің үштен бір бөлігінің жоғарғы бөлігінің төменгі шеті деңгейінде артерия саусақ бүккіштері сіңірлерінің бүйір бетіне өтеді. Артерияның артқы және алдыңғы беттеріне асық жілік нервсі, медиальды және латеральды плантарлы нервтерінің бұтақтары жанасады. Беткі медио-плантарлы артқы жіліншік артериясы өту жолы бойынша плантарлы, дорсальды тері бұтақтарын береді және артқы жіліншіктің фасциялы қорабына, сүйек аралық ортаңғы бұлшықетке, сіңірлерге бұтақшаларын таратады. Артқы жіліншіктің үштен бірінің төменгі бөлігінің жоғарғы шеті деңгейінде артерия саусақ бүккіштері сіңірлерінің артқы бетіне өтеді.

1 - кесте. Бактриан түйенің артқы жіліншік аумағындағы негізгі артериялар диаметрінің морфометриялық көрсеткіштері (мм)

Артериялар атауы	n	Lim	$\bar{x} \pm S\bar{x}$	σ	Cv
Беткі медио-плантарлы артқы жіліншік артериясы (артқы жіліншіктің үштен бір бөлігінің жоғарғы деңгейі)	6	4,4-5,0	4,73±0,06	0,10	2,11
Беткі медио-плантарлы артқы жіліншік артериясы (артқы жіліншіктің үштен бір бөлігінің төменгі деңгейі)	6	3,6-4,2	3,86±0,06	0,10	2,59
Дистальды плантарлы артқы жіліншіктің артериальды доғасы	6	3,0-3,5	3,26±0,05	0,08	2,45
Дистальды тесіп өткіш артқы жіліншік артериясы	6	1,5-1,8	1,65±0,03	0,05	3,03
Терең плантарлы артқы жіліншік артериясы (артқы жіліншіктің үштен бір бөлігінің жоғарғы деңгейі)	6	2,2-2,7	2,45±0,05	0,08	3,06
Терең плантарлы артқы жіліншік артериясы (артқы жіліншіктің үштен бір бөлігінің төменгі деңгейі)	6	2,1-2,5	2,43±0,05	0,08	3,29
Дорсальды артқы жіліншік артериясы (артқы жіліншіктің үштен бір бөлігінің жоғарғы деңгейі)	6	1,3-1,7	1,51±0,04	0,06	3,97
Дорсальды артқы жіліншік артериясы (артқы жіліншіктің үштен бір бөлігінің төменгі деңгейі)	6	1,1-1,5	1,28±0,04	0,06	4,68

Аталған аймақта артерияны қаптайтын терең фасция орналасқан, ол артқы жіліншіктің проксимальды бөлігіне қарағанда жұқа жапырақша секілді және де осы жер пульсты анықтау және ішкі артериялық инъекция жасау үшін өте ыңғайлы.

Беткі медио-плантарлы артқы жіліншік артериясы артқы жіліншіктің үштен бірінің төменгі бөлігінің ортаңғы деңгейінен бастап аяқтың плантарлы бетінің ортасында дәл орналасқан. Кейін артерия беткі және терең саусақ бүккіші сіңірлері бұтақтары арасындағы ойықтан өтіп, артқы жіліншіктің үштен бірінің төменгі бөлігінің ортаңғы деңгейінде мықты бұтақ береді, ол терең плантарлы артқы жіліншік артериясымен байланысады да, дистальды плантарлы артқы жіліншік артериальды доғасын - *a. arcus metatarsae plantaris distalis* (сурет.1-3) құрады. Дистальды плантарлы артқы жіліншік артериальды доғасының ересек түйелердегі диаметрі 3,26±0,05мм тең және вариация коэффициенті сәйкесінше Cv=2,45%, (p<0,05) құрады (кесте 1).

Терең плантарлы артқы жіліншік артериясы - *a. plantaris metatarsae profundus* (сурет.1-2) тармақ алғаннан соң сүйек аралық ортаңғы бұлшықетке тереңдеп енеді. Артқы жіліншіктің үштен бір бөлігінің жоғарғы деңгейінде ол артқы жіліншіктің сүйек ойығында дистальды бағыт алады. Терең плантарлы артқы жіліншік артериясының диаметрі ересек түйелерде артқы жіліншіктің проксимальды бөлігінде 2,45±0,05мм, дистальды бөлігінде - 2,43±0,05мм тең, вариация коэффициенті сәйкесінше Cv=3,06%, (p<0,05) және Cv=3,29%, (p<0,05) болды (кесте 1).

Өзінің жолында артерия сүйек аралық ортаңғы бұлшықетке және артқы жіліншік сүйегінің плантарлы бетіне көптеген бұтақтар береді. Артқы жіліншіктің үштен бірінің төменгі бөлігінің ортаңғы деңгейінде артерия дистальды тесіп өткіш артқы жіліншік артериясымен – *a. metatarsae perforans distalis* байланысады. Ол беткі медио-плантарлы артқы жіліншік артериясынан тармақталып, аттас тесік арқылы артқы жіліншік сүйегінің плантарлы беті арқылы дорсальды бетіне өтеді (сурет.1-4). Кейін артерия сүйек аралық каналға, сүйек тысына, артқы жіліншік сүйегінің дорсальды бетіне бұтақтарын береді де, тұсау буынның дорсальды бетіне шығады (сурет.1-7). Дистальды тесіп өткіш артериясының 5-7 жастағы ересек түйелердегі диаметрі 1,65±0,03мм тең, вариация коэффициенті сәйкесінше Cv=3,03%, (p<0,01) болды (кесте 1). Осыған орай, тесіп өткіш плантарлы артерия терең плантарлы артқы жіліншік артериясының алып шығушы бұтағы болып табылады.

Дорсальды артқы жіліншік артериясы – *a. dorsalis metatarsae* өзінің бастамасын дорсальды тілерсек торынан алады және саусақ бүккіштер сіңірлерінің астымен, артқы жіліншік сүйек ойығында әлсіз бұтақ түрінде өтеді. Артерия өзінің жолымен артқы жіліншік сүйегінің дорсальды бетіне бұтақшалар беріп, артқы жіліншіктің үштен бір бөлігінің ортаңғы деңгейінде

дистальды тесіп өткіш артқы жіліншік артериясымен бірге тұсау буынның барлық қабаттарын қанмен қамтамасыз етеді (сурет.1-5,6). Ересек түйелердің артқы жіліншіктің проксимальды бөлігіндегі дорсальды артқы жіліншік артериясының диаметрі $1,51 \pm 0,04$ мм, артқы жіліншіктің дистальды бөлігі $1,28 \pm 0,04$ мм тең, бұл кездегі лимиті сәйкесінше 1,3-1,7 мм және 1,1-1,5 мм тең, мұндағы $Cv=3,97\%$, ($p<0,001$) және $Cv=4,68\%$, ($p<0,01$) болды (кезде 1, 2).

Қазақ бактриан тұқымы түйелерінің артқы жіліншік аумағындағы негізгі артериялардың анатомиясының морфометриялық зерттеуін және рентгенографиялық көрінісін талдай отырып, келесідей қорытынды жасауға болады:

1. Артқы жіліншік аумағындағы негізгі артерияларға беткі медио-плантарлы артқы жіліншік артериясы және терең плантарлы артқы жіліншік артериясы жатады, екеуі артқы жіліншіктің дистальды бөлігінде бір бірімен байланысып, дистальды плантарлы артқы жіліншік артериялы доғасын құрады, ол доғаның сіңірлерді және сүйек аралық ортаңғы бұлшықетті қанмен қамтамасыз етудегі маңызы зор.

2. Беткі медио-плантарлы артқы жіліншік артериясы сафен артериясынан жалғасын таба отырып, артқы жіліншіктің үштен бір төменгі бөлігінің ортаңғы деңгейінде саусақ бүккіштердің беткі сіңірлері бұтақтарынан түзілген ойықтың плантарлы бетінде дәл орналасады. Ол бұл деңгейде аттас вена немесе нервке қарағанда беткі жаққа қарай жақын орналасқан және оның пульс соғуы анық байқалады.

Осыған орай, бактриан түйенің кейбір саусақ аурулары барысындағы артқы жіліншік аумағына дәрілік заттарды интраартериялы еңгізу және ірінді- некротикалық процесстерді ашу және рационалды кесулер өткізу барысында ересек жануарлардың кейбір морфометриялық көрсеткіштерін және негізгі артериялар анатомиясын есепке алу керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Аухадиева, Д.М. Артерии дистального звена грудной и тазовой конечностей верблюда (бактриана)/ Д.М. Аухадиева // Сб. науч. тр. Алма-Атинского и Семипалатинского зоовет. институтов.- Алма-Ата.,1975.-Вып.29.- С.3-7.

2. Аухадиева Д.М. Вены дистального звена грудной конечности верблюда-бактриана/ Д.М. Аухадиева //Функциональная макро и микроморфология органов и систем животных: Моск. общество испытаний природы.- М.,1980.-С.74-75.

3. Днекешев, А.К. Топографическая анатомия поверхностной пальмарной пястной артерии у верблюда/ А.К. Днекешев //Резервы увеличения производства и повышения качества с/х продукции. / Тез. докл. XI межреспуб. науч.практ.конф. молодых ученых и специалистов.- Оренбург, 1992.-С.52-53.

4. Днекешев, А.К. К вопросу о вариантах ветвления пальмарной подошвенной артерии у верблюда-бактриана/ Днекешев А.К. //Вестник ветеринарии: Науч.труды Академии ветеринарной медицины.- Оренбург, 2002. Вып. 5.- С.68-69.

ЭОЖ: 616:616:9:616

ПТР ӘДІСІН BRUCELLA SPP, BRUCELLA ABORTUS, BRUCELLA MELITENSIS ДЕТЕКЦИЯ ЖӘНЕ ДИФФЕРЕНЦАЦИЯ ҮШІН ҚОЛДАНУ

*М. Г. Какишев магистр, А. К. Утепова магистр,
А. Г. Дарменова магистр, Р. Г. Зулхарнаева магистрант.*

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық – техникалық университеті

Бұл мақалада ПТР негізінде экспресс детекция және дифференциация әдістері жүргізілген Brucella spp, B. abortus және B.melitensis. ДНҚ-ның бөліну әдісі қарастырылды. Праймердің сәйкестігімен ПТР-дың оптимальді жағдайының белгілері көрсетілген.

В данной статье приведена методика по детекции и дифференциации Brucella spp, B.abortus и B.melitensis на основе ПЦР. Описана методика выделения ДНК. Приведены данные по оптимизации условий ПЦР и подбору праймеров.

In given clause is given a technique on detection and difference Brucella spp, B.abortus and B.melitensis on a basis ПЦР. The technique of allocation DNA is described. The data on optimization of conditions DNA and selection praimers are given.

Көптеген жұқпалы аурулардың ішінде адам денсаулығына ең қауыптісі бруцеллез инфекциясы болып табылады. Сонымен қоса бруцеллез қоздырушысы ауыл шаруашылығына көптеген шығын әкеледі. Бруцеллездің факультативті, клеткаішілік грам теріс бактериялары Brucella тобына тиесілі. Бұл топ өз алдына патогенезіне және тандалған қожайынына байланысты алты түрге жіктеледі. Берілген түрдің генетикалық зерттелуі бойынша Brucella тобының алты классикалық түрі ДНҚ-ДНҚ переассоциациясына арналған жеке гентикалық түр екенін көрсетеді [1].

Қазіргі заманғы дамыған ветеринарлық ғылымда және тәжірибеде бруцеллез қоздырғыштарының бөліну әдісі қиын әрі көп уақытты қажет ететін жасанды қоректік ортада жасалатын серологиялық реакциялар арқылы алынады.

Соңғы уақытта молекулярлы биологияда ғылыми зерттеулердің әр түрлі жүйелерін шешетін негізгі нұсқалардың бірі ПТР және полимеразды бағалау реакциясы арқылы ДНҚ-ның амплификациясы нұсқауы өте жиі қолданылады. С.А.Булат Yersinia pseudotuberculosis штаммаларының генетикалық жіктелуін ПТР арқылы жүзеге асырды. Ол үшін С.А.Булатов ұзындығы 5-22 болатын нуклеотидтің жеке нуклеотидының праймерлерін қолданған. Жаңа әдістердің пайда болуы әртүрлі саладағы ғылымның дамуына зор ықпал етуде. Бұл әдістер белгісіз ақпараттар алуға, зерттеудің ары қарай бағытталуына, жаңаша таң қаларлық жаңалықтардың ашылуына мүмкіндік береді.

Зерттеудің негізгі бағыты экспресс детекция және дифференциация әдістері арқылы Brucella spp, B. abortus және B.melitensis анықтау.

Мақсаттарды шешу үшін арнайы міндеттер алға қойылды:

1. Brucella spp, B. abortus және B.melitensis-ке нақты тән спецификалық праймерлерін таңдап алу.

2. Brucella spp, B. abortus және B.melitensis геномының спецификалық ошағы алу үшін ПТР жағдайын оптималдандыру.

Зерттеу нысаны ретінде штамм 82 және Rev-1 вакцинасымен алдын ала бруцеллезге қарсы вакцинделген лабораториялық жануарлардың қаны алынды.

Сараптама Жәңгір хан атындағы Ғылыми зерттеу институтының базасында жүргізіледі (инженерлік бағыттағы биотехнология лабораториясы). Полимеразды-тізбекті реакцияны BioRad фирмасының IQ5 приборында жүргізілді.

ПТР (полимеразды-тізбекті реакция) – молекулярлы биологиядағы кең қолданысқа ие әдістердің бірі, оны сынамадағы нуклейн қышқылдарының белгілі бір фрагменттерінің концентрациясын жоғарылату үшін қолданылады. Әдістің негізгі ДНҚ ошағын әр түрлі *in vitro* ферменттерін қолдана отырып көшіру. ПТР 3 бірінен соң бірі жүретін сатыдан тұрады (дематурация, отжиг, элонгация) зерттеудегі қандай да бір мүшенің идентификациясы әдетте төзімділік гендері, прамоторлар, және гендер арқылы жүреді. Эволюцияның дамуы барысында жай дамитын, өзгертін – консервативті гендерді ажыратады. Консервативті гендер жасушаның генетикалық аппаратын кодтайды, организмдердегі консервативті гендерді сараптай, анықтай отырып, организмді класстарға идентификацаттай аламыз. Орташа консервативті гендерді зерттеу арқылы организмді туыстығына дейін анықтай аламыз. Сонымен қатар төмен консервативтілікті гендерді де ажыратады (кератинды) және қатты вариябельді гендерді ажыратады, бұлар арқылы организмді түріне дейін ажыратуға болады [2,3].

Ішкі транскрибирлеуші спейсер деп (ITS) рибосома РНҚ-ның құрылымдық бірліктерінің ортасында орналасқан, функциональды емес РНҚ ошағы аталады. рРНҚ гені кластерінің ақпаратты алу процінде, РНҚ полимеразасы I-ден алғашқы транскрипт – 45S РНҚ құрылады. Ол 5' тен 3'соңы 5'транскрибирлеуші спенсерден (5'ETS) ,18S рРНҚ ITS 1, 5.8S рРНҚ , ITS 2, 28S РНҚ және 3'ETS. Жетілу барысында ITS үзіліп, ал РНҚ-ң құрылымдық бірліктері рибосомалардың суббірліктері жинауға қолданылады. ITS –ті салыстыру таксономия және молекулярлы филогенияда кең қолданылады.

Өйткені олар жеңіл амплифицирленеді, ДНҚ ның аз мөлшерімен және жеңіл туыстар арасында жоғарғы ауытқу дәрежесіне ие. Біздің жұмысымызда түрлі идентификация үшін ITS ядрошықтың рРНҚ қолданылады. Бұл мақсаттарда олардың қолданылулық мүмкіндігі жақын арада ғана анықталады. Бұл орташа консервативті гендер. Полцистрон эукариоттарындағы прерибосомалық РНҚ 45S рРНҚ із басушы деп аталынды. Бұл із басушы эукариот ядрошықтарының рибосомальды гендерінің кластерлерінен синтезделеді [4,5].

Олар жоғарыда айтылғандай түрді анықтауға зерттелетін үлгіде қай ДНҚ –ның барын ажыратады. Олардың артықшылығы оның ауытқулығы бұл кезде фланкирлеуші гендер рРНҚ жоғары консервативті, ал ол кезегінде тек бізге қажетті жақын туыстардың бір уақытта жоғары белсенділікпен амплифицирлеуге мүмкін береді, солай бір праймерлерді қолдануға болады.

ДНҚ-ны ЦТАБ әдісімен бөліп алады. ДНҚ- ның бөліп алу сапасын агарлы денедегі электрофорез әдісінің көмегімен анықтады. Қанады лабораториялық жануарлардан пробиркаға 3% ЭДТА – дан 10 : 1 қатынасында алады. Теңіз шошқаларының қанынан алынған ДНҚ ны экстрагирлеуші буфердің көмегімен алынады, ол 2 г. ЦТАБ (детергент, клетка мембраналарын ыдыратады, ақуыздар мен қышқылды полисахаридтер арасында кешен құрады), 28 мл 5 М NaCl, 4 мл 0,5 М EDTA (pH 8,0) 100 мл дейін дистелденген сумен жеткізілген. 100 мл қанға 300 мл экстрагерлеуші буфер құйып 60°C температурада 1 сағатқа инкуберленеді, пробирка ішіндегісін жиі жиі араластырады. Инкубациядан соң бірдей көлемде хлороформ қосады да 1 сағатқа бөлме температурасында қалдырады. Пробирка ішіндегісін араластырып тұрдық. Содан соң 5 мин 5000 көлем/мин. центрифугалайды. Жоғарғы фазасын таза пробиркаға көшіріп және 2/3 көлемде изопропил спиртіні қосып, араластырдық. Пробиркаларды бөлме температурасында 2 сағатқа ДНҚ тұну үшін қалдырдық. Одан кейін 10 мин 12000 көлем/мин қатысында центрифугаладық супернатанат төгіп тастап, тубасын 70% этил спиртімен жудық. Сол жағдайда центрифугаладық содан соң тұнған сұйықтыққа құйып, тұнбаны келтіріп ДНҚ мен РНҚ дан таза суда еріттік.

Әдістердің негізгі мәні жасушалық қабықтарды жойып, ақуыздарды денатурациялауға ДНҚ мен байланысқан, тұнбаларды жонып және тікелей тазартылған ДНҚ – ны бөліп алуда.

Бөліп алынған ДНҚ-ның сапасын агарозды денедегі электрофорез әдісімен анықтайды. Молекулярлық биологияда агарозды денедегі электрофорез молекулаларды бөлу мақсатында қолданылады. Туберкулез микобактерияларының ДНҚ коллекциясы және БЦЖ вакцинасының полимеразды тізбекті реакцияның оптимизациясы реакцияның температураның және уақыттың бағыты бойынша жасалады [6].

Brucella түрінің микроорганизмдерінің ДНҚ молекуласының амплификациясының бағдарламасы жасалды, ол 42 циклдан тұрады, оның ішінде 1 саты «денатурация» 3 мин ішінде 95°C – та 2 саты «қысқару» 63°C – та 1 мин ішінде және 3 саты «элонгация» және «синтез» 72°C – та 1 мин ішінде. Осы сатылар қосылады. Реакциялық қоспаның құрамы мынадай болып келеді. (комплементтер): праймерлер, ПТР реакциясын қою үшін буфер, MgCl 1,5 м, дизоксинуклеотидграфосфаттар d NTP және Tag – полимераза қоспасы. Праймерлер *Brucella* spp, *B. abortus* және *B.melitensis*-ті зерттеу барысындағы барлық әдеби мәліметтерге сүйене отырып таңдап алынды. Әдеби мәліметтерді сараптап отырып бруцеллез қоздырғышын анықтаушы қос праймер алынды. Компьютерлік анализ негізінде vector NTI бағдарламасының көмегімен алынған екі праймерлер сарапталды. Әр түрлі бруцеллалар дифференциялау үшін бруцеллез мына праймерлерді таңдап алдық : барлық бруцеллез түріне спецификалық болып келетін B1F және B1R. BAF және BAR қатаң *B.abortus* –қа спецификалық, ал BMF және BMR *B.melitensis* –ке спецификалық.

Оптимизирленген реакциялық қоспаға бруцеллез 1мкл болып алынған ДНҚ-ны қосып отырдық.

Алынған ПТР өнімдерді агарозды геледе электрофорез көмегімен айдадық. Агарозды геледе «бендтер» нақты көрініп тұрды. B1F және B1R праймерлеріне ПТР қолдану барысында барлық алты үлгіде қанында бруцеллез қоздырғышының қоздырушысы анықтайды, жетінші үлгіде ДНҚ ошағында ПТР анықталады., өйткені жануар вакцина алмаған BAF және BAR праймерлері толық ДНҚ-ны алғашқы үш үлгіде анықтады, олар штамм 82 вакцинасымен егілген лабораториялық жануарлардан алынған болатын BMF және BMR праймерлері өз кезегінде тек төртінші, бесінші және алтыншы үлгілерде, Rev-1 вакцинасымен егілген лабораториялық жануарлардан алынған қанда анықталды.

Бұл әдіс *B. abortus*, *B.melitensis*-ті культуралық әдіссіз, қысқа мерзімде ажырату мүмкіндігін береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Verger, J. M., F. Grimont, P. A. D. Grimont, and M. Grayon. 1985. *Brucella*, a monospecific genus as shown by deoxyribonucleic acid hybridization. *Int. J. Syst. Bacteriol.* 35:292–295.
2. Абуталипов А.А. Тен В.Е. Методические указания по проведению анализа ДНК методом полимеразной цепной реакции ПЦР. ДГП «Научно-Исследовательский Ветеринарный Институт» РГП «НПЦ Ж и В» МСХ РК, Алматы: 2007.-38 с.
3. Mullis K. B. Process for amplifying nucleic acid sequences. / K. B. Mullis. //U.S. Patent.- 1987. - Vol.4. - P.202.
4. Baily, G. G., J. B. Krahn, B. S. Drasar, and N. G. Stoker. 1992. Detection of *Brucella melitensis* and *Brucella abortus* by DNA amplification. *J. Trop. Med. Hygiene* 95:271–275.
5. Soltis, D. E., Angiosperm phylogeny inferred from 18S rDNA, rbcL, and atpB sequences./ D. E. Soltis, P. S. Soltis, M. W. Chase, M. E. Mort, D. C. Albach, M. Zanis, V. Savolainen, W. H. Hahn, S. B. Hoot, M. F. Fay, M. Axtell, S. M. Swensen, L. M. Prince, W. J. Kress, K. C. Nixon, J. S. Farris. // *Botanical Journal of the Linnean Society* - 2000. - Vol. 133. - P.381-461.
6. Laemmli, U. K. Cleavage of Structural Proteins during the Assembly of the Head of Bacteriophage/ U. K. Laemmli.// T4.- *Nature*,-1970 - V.227 - P.680 - 685.

УДК 619:616-008:636.2

ФИЗИОЛОГИЧЕСКОЕ СОСТОЯНИЕ КРУПНОГО РОГАТОГО СКОТА В ЗОНЕ КАРАЧАГАНАКСКОГО МЕСТОРОЖДЕНИЯ

*С. Г. Канатбаев, д. б. н, доцент, Е. К. Туяшев, к. в. н., ст. научн. сотр.
М. Базарбаев, д. в. н., доцент*

*Западно - Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана
Западно - Казахстанская научно-исследовательская ветеринарная станция
Карагандинская научно-исследовательская ветеринарная станция*

Мақалада авторлар Қарашығанақ кенорны аймағындағы ірі қара малдарының гематологиялық қан құрамының мәліметтерін келтіреді. Алынған мәліметтер басқа аймақтың мәліметтерімен салыстырылған. Аздада кейбір қан жасушаларының санының көбею себептері анықталған.

В статье авторы приводят данные по гематологическому составу крови крупного рогатого скота, находящиеся в зоне Карачаганакского месторождения. Полученные результаты сравнены с данными, полученными в других регионах. Выявлены причины, приведшие к увеличению количества некоторых кровяных клеток.

In article authors cite the data on gematological structure of blood of the horned cattle, being in a zone of the Karachaganak oilfield. The received results was compared to the data received in other regions. The reasons which have led to increase of quantity of some blood cells are established.

Актуальность. В зоне промышленных объектов несбалансированность цинка, фосфора и меди в почве, воды, растениях и в организме животных приводит к таким формам нарушения обмена веществ, как остео дистрофия и гиповитаминозы. При их недостатке в кормах у животных снижаются продуктивность, развивается анемия, остеопороз, нарушается деятельность центральной нервной системы [1, 2].

Для профилактики этих заболеваний исследователи [3] предлагают создание температурного, влажностного и светового режимов, отвечающих физиологическим потребностям организма скота, обеспечение их активным моционом, сбалансированным рационом по микроэлементам и витаминам.

Карачаганакское нефтегазоконденсатное месторождение является крупнейшем поставщиком нефти и газа в Казахстане. В ранее проведенных исследованиях было установлено, что содержание свинца, кадмий и хрома в поверхностных водах данного региона превышает ПДК в 1,5 и 2 раза [4]. В то же время молоко коров по своему физико-химическому составу является безопасной продукцией.

Знание количественного содержания крови позволяет с помощью лабораторных исследований провести раннюю диагностику некоторых заболеваний, когда еще нет клинического проявления болезни.

Целью исследований является проведение комплекса научных исследований по изучению состава крови коров населенных пунктов, расположенных за пределой санитарно защитной зоны.

Задача исследований – провести гематологический анализ крови животных и разработать рекомендаций по результатам выполненных исследований.

Материалы и методы. Исследования проводились в следующих населенных пунктах Бурлинского района: п. Березовка и п. Приуральный, находящиеся вблизи КНГКМ, п. Пугачево (западнее КНГКМ) и п. Жанаталап (восточнее КНГКМ) и прилегающие к ним территории. Для

сравнения полученных результатов, контрольными объектами служили п. Долинный Теректинского района и п. Ащысай Чингирлауского района Западно-Казахстанской области. Гематологические исследования крови крупного рогатого скота проводились выборочно, у 10-15% животных.

Для взятия крови из яремной вены животных использовали безопасные системы для вакуумного забора крови «Venosafe» производства компании «Тегито». Пробирки с антикоагулянтом ЭДТА использовались для гематологического исследования крови.

С помощью автоматического гематологического анализатора MS-4 выявляли уровень содержания в крови эритроцитов, лейкоцитов, гемоглобинов, моноцитов, тромбоцитов.

Таблица 1 - Общий анализ гематологических показателей крови за 2008-2010 гг.

Показатели	Норма	Населенные пункты					
		Приуральный	Березовка	Пугачево	Жаната-лап	Долинный	Ащысай
Лейкоциты, тыс\мкл	6-12	14	13.8	14.4	13.9	14.7	15.2
		14.6	13.7	15.5	13.1	13.8	14.9
		13.8	13.8	14,7	13.8	14.5	14.6
Лимфоциты, %	60-65	75	76	78	70	69	73
		77	74	73	75	68	71
		76	78	72	73	72	75
Эозинофилы, %	3-8	15	16	16	10	9	13
		14	14	13	15	12	11
		13	12	14	13	14	12
Моноциты, %	2-7	6.11	4.91	6.30	5.5	6.51	6.62
		5.14	6.12	5.47	6.42	5.8	5.4
		4.88	5.11	5.65	4.66	5.2	5.8
Гранулоциты, %	25-50	45.33	35.8	42.66	36.22	36.9	42.38
		43.5	37.6	38.5	32.3	31.4	36.8
		37.1	32.6	36.4	41.6	40.3	32.4
Эритроциты, млн\мкл	6-10	7.4	7.8	8.1	8.3	8.3	7.7
		7.6	7.7	8.5	8.1	7.8	7.9
		6.8	7.3	8.2	7.7	6.5	8.1
Гематокрит, %	35-45	28.17	35.46	34.91	35.87	36.7	32.56
		35.02	33.75	36.65	42.78	38.8	36.3
		38.95	39.63	35.33	41.07	38.01	37.27
Ср. концентрация гемоглобина в эритроцитах, %	34-35	35.04	34.77	34.30	35.50	35.3	35.11
		34.30	35.6	34.6	34.1	34.4	34.30
		34.5	34.8	34.6	34.5	34.5	34.8
Показатель анизоцитоза тромбоцитов	13 - 16	15.64	16.26	13.32	15.01	14.7	14.58
		13.9	14.6	15.1	15.6	13.6	14.6
		14.03	15	14.8	14	15.2	13.9
Гемоглобин, г/ %	9,9-12,9	11.46	12.33	11.98	12.75	11.56	11.45
		12.75	11.45	10.6	10.96	12.75	10.66
		11.56	10.1	10.9	11.1	11.9	10.45
Тромбоциты, тыс.	260 -700	398.11	339.4	377.15	435.21	212.17	235.75
		455	461	401	536	652	412
		502	542	566	612	632	560

Результаты исследований. Как видно из таблицы 1 и рисунка 1, в течение трех лет мы наблюдали у некоторого количества животных повышенное содержание лейкоцитов в крови. Так, в 2008-2010 гг. количество лейкоцитов в среднем у животных п. Приуральный был равен соответственно 14 тыс\мкл, 14,6 тыс\мкл и 13,8 тыс\мкл, п. Пугачево - 14,4 тыс\мкл, 15,5тыс\мкл и 14,7 тыс\мкл, а п. Ащысай 15,2 тыс\мкл, 14,9 тыс\мкл и 14,6 тыс\мкл. В норме количество лейкоцитов должно быть 6-12тыс\мкл.

Первая строка - данные 2008 г., вторая строка – 2009 г., третья строка - 2010 г.




Рисунок - 1. Средние показатели лейкоцитов (тыс/мкл) крови животных за 2008-2010 гг




Рисунок 2 Содержание лимфоцитов (%) в сыворотках крови за 2008 – 2010гг.

Если содержание лимфоцитов из числа лейкоцитов в норме должно быть в пределах 60-65%, то в 2008 – 2010 гг. во всех населенных пунктах эти показатели в среднем выше нормы (рис. 2). Так, в 2008-2010 гг. в п. Приуральный этот показатель равен соответственно 75%, 77%, 76%, в п. Березовка - 76%, 74%, 78%, в п. Пугачево соответственно - 78%, 73%, 72% и в Ащысай - 73%, 71% и 75%.

У некоторой части животных отмечены увеличение количества таких кровяных клеток, как эозинофилы, в 1,5-2 раза выше нормы. Так, при норме 3-8% из числа лейкоцитов, этот показатель в 2008-2010 годах у животных п. Приуральный был равен соответственно – 15%, 14% и 13%, п. Березовка - 16%, 14%, 12%, п. Пугачево - 16%, 13%, 14%, а в п. Ащысай - 13%, 11% и 12%.

Выводы. У некоторого количества исследованных животных выявлены одновременное увеличение количества лейкоцитов с одновременным увеличением количества лимфоцитов, что, видимо, связано с неблагополучием региона по лейкозу крупного рогатого скота. Вирусы лейкоза КРС изменяют функцию органов кроветворения, что вызывает увеличение количества

лимфоцитов. Это связано с неблагополучием региона по лейкозу крупного рогатого скота. Вирусы лейкоза КРС изменяют функцию органов кроветворения, что вызывает увеличение количества лимфоцитов. В 2009 году в Бурлинском районе на лейкоз исследовано всего 14000 гол. крупного рогатого скота, из них положительную реакцию на лейкоз дали 1249 гол (8,9%). Этот показатель соответственно в Бумакольском сельском округе – 249 гол. (32%), Бурлинском – 211 гол. (27%), Приуральном - 210 гол. (26%), Жарсуатском – 92 гол. (11%) и Успеневском – 79 гол. (11%). В соседнем Теректинском районе в 2009 г. на лейкоз исследовано всего 22613 гол. крупного рогатого скота, из них выделено 1444 гол, что составляет 6, 4%. Эпизоотическая ситуация в целом по Западно-Казахстанской области также неблагоприятна. Если в 2008 г в результате диагностических исследований на лейкоз по области было выделено 1426 гол., то в 2009 г. - 4015 гол. крупного рогатого скота. В области проводятся противолейкозные мероприятия местными ветеринарными специалистами.

Отмечено увеличение количества кровяных клеток, в частности эозинофилов, что указывает на наличие паразитарных болезней. Гельминты выделяют токсины, которые, всасываясь в организм животного, вызывают увеличение количества эозинофилов. Для лечения животных от паразитарных болезней предлагается антгельминтики широкого действия.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Ларионов Г.А. Содержание тяжелых металлов в почве, кормах и молоке коров //Ветеринария. 2005. - №6. - С.45-47.
2. Новиков В.А., Тремасов М.Я.. Техногенное воздействие тяжелых металлов //Ветеринария. 2004. - №11. - С.51-55.
3. Байматов В.Н., Исмагилова Э.Р., Васяев В.А. Состояние здоровья крупного рогатого скота в зоне биохимической провинции //Ветеринария. 2005. - №1. - С. 42-45.
4. Туяшев Е.К., Канатбаев С.Г. Содержание тяжелых металлов в воде и молоке коров. Теория и практика борьбы с болезнями животных в Республике Казахстан. Сб. научн.тр.КазНИВИ. Том LY. Алматы, 2009г. - С.233-236.

ОБЗОР РЕЗУЛЬТАТОВ ИССЛЕДОВАНИЙ ОПИСТОРХОЗА В ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Я. М. Кереев, д.в.н., профессор, Ф. Х. Нуржанова, соискатель

Западно-Казакхстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана

ҚР БжҒ министрлігінің тапсырысымен қолданбалы және іргелі зерттеулер бойынша 2009-2011 жылдардағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері көрсетілген. Описторхтың метацеркарийлары мен залалданған оның бірінші және екінші қожаларының бар екендігі анықталған. Тәжірибедегі малдарды қолдан залалдандырғанда паразиттің жынысы жетілген сатысы алынған.

Приведены результаты исследований по НИР в рамках ПФИ по заказу МОН РК за 2009-2011 годы. Выявлены наличие первых и вторых промежуточных хозяев описторхоза, их зараженность личинками описторхиса. При экспериментальном заражении подопытных животных получены половозрелые формы паразита.

The results of research on scientific Research work within the Applied Basic Researches by request of the Republic Kazakhstan Ministry of Education and Science for 2009-2011. Revealed the presence of the first and second intermediate hosts of opisthorchiasis, Opisthorchis larvae infestation of them. In experimental infection of experimental animals are received the mature form of the parasite.

Работа выполнялась по заказу МОН РК. Научно-исследовательская работа по программе фундаментальных исследований 4 (государственный заказ) Ф.0479. «Закономерности функционирования биологических систем – основа создания инновационных технологий для медицины, сельского хозяйства и охраны окружающей среды», по теме «Оценка эпизоотической ситуации по описторхозу в водоемах Западно-Казакхстанской области и разработка профилактических мероприятий» в 2009-2011 годы.

Описторхоз - заболевание глобального масштаба и социально-экономическая проблема. В этой связи актуальность его не вызывает сомнений. Меры профилактики должны строиться комплексно совместно с ветеринарными и медицинскими организациями.

Теоретически профилактика описторхоза основана на комплексном проведении профилактических мероприятий против личиночной и половозрелой формы трематод у дефинитивных, промежуточных и дополнительных хозяев с учетом географии распространения и природно-климатических, эколого-биологических факторов с использованием географической информационной системы – компьютерной технологии (ГИС-технология).

Рыбы, так же, как и продуктивные животные, необходимы в обеспечении населения продуктами питания.

Рыбоводство – важнейшая отрасль рыбного хозяйства Казахстана. Оно развивается как на промышленной основе, так и в подсобных хозяйствах предприятий в различных областях республики. В успешном развитии рыбководства большую роль играет проведение профилактических мероприятий, направленных на предупреждение распространения описторхоза, наносящий существенный вред здоровью населения и плотоядных.

В Казахстане очаги описторхоза существуют издавна. Однако заболеваемость людей этим недугом раньше регистрировали редко. В связи с улучшением диагностики и расширением знаний в этой области количество больных людей описторхозом ежегодно увеличивается.

Описторхоз природно-очаговое заболевание млекопитающих, встречающееся в бассейнах рек, но в отдельных зонах может протекать в форме энзоотий с большим отходом заболевших. Описторхозом болеют кошки, собаки, лисицы, свиньи, пушные звери, кролики, морские свинки и человек.

Возбудитель – трематода *Opisthorchis felineus* семейства *Opisthorchidae*. Тело ланцетовидной формы, 8-13 мм длины, 1-2 мм ширины, паразитирует в желчных ходах печени, желчном пузыре, реже в протоках поджелудочной железы.

Сонымен бір мезгілде Хасан хазіреттің туған-туысқандары және Қаражан Сарбөпиев, Нұғыман Хасанов, Мырзағали Иманғазиев секілді пікірлес, таныстары да қудаланады. Тек Атырау облысында 45 молда, 13 священник Хасан хазіреттің «құйыршықтары» деп атылып кеткен [4]. Белгілі «Хасан хазірет мешіті» бұзылып, жоқ етілді.

1938 жылы ақпанда Хасан хазірет КСРО Жоғарғы Соты әскери коллегиясы «үштігінің» қаулысымен ату жазасына кесіледі [5]. Сүйегі қайда қалғаны бүгінге дейін белгісіз.

«Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген сөзді бұрынғылар текке айтпаған, бұл сөз оқалы бөрік, жез телпек киіп, мыңғырған мал айдауды армандау емес, өмірден өткен ата-бабаларды естен шығармай, барын бағалап, жоғын жоқтап отыруды меңзеген. Қазақ баласы ежелден бастың амандығын, бауырының бүтіндігін ең басты байлық санаған. Адам баласы өмірге келіп, есі кіргеннен соң бұл дүниеден не аларын емес, артына не қалдырарын ойлайды. Соның бірі ұрпақ қалдыру екен. Сол арқылы өмірінің жалғасқанын, соңында іздеушісі, ісін алға апарушы қалғанын қалайды. Хасан Нұрмұхамедовтың артында қалған жалғыз тұяқ Ахметбек ата. Қазір Ойылда тұрады. Ол кісінің әңгімесін тыңдағанда бейне бір тарих оқулығын ақтарғандай боласың. Ахметбек атаның әңгімесінен үзінді келтірейін: «1939 жылы мен мектепті ерекше үлгідегі аттестатпен бітірдім. (Қазір бұл құжатым жергілікті музейде сақтаулы.) Содан бір жыл бұрын әкемді қамауға алды. Кетерде айтқан сөздері әлі есімде: «Уақыт талабына сай өмір сүр, жақсы оқы, жамандық жасама және шешенмен қарындасына қорған бол». Мен әкемнің аманатын орындадым деп ойлаймын. Тек бір әттеген-айы қарындастарымды құтқара алмадым. Майданнан оралған мені жалғыз апам ғана қарсы алды. Байғұс қарындастарым бұл күнге жете алмай аштан өліпті. Дәл 1939 жылы мен КазГУ-дің физика-математика факультетіне оқуға түсіп, оны үздік оқып жүрдім. Үздіктер қатарында 7-8 адам болған еді. Сол кездегі газеттерде біз туралы мақала да жазылған болатын. Ол мақала «Қазақстанның болашағы» деп аталған еді. Күтпеген жерден оқуды тоқтатуға мәжбүр болдық, себебі әскер қатарына шақыртылды. Ректорымыз қанша алып қалуға әрекет жасағанымен, ештеңе шықпады. Сол кезде Ворошиловтың арнайы бұйрығы шыққан еді. Мен Батыс Украинаның артиллериялық полкында өз әскери борышымды өтедім. 1941 жылдың қыркүйегінде біздің үйге қайтуымыз керек болатын, күтпеген жерден маусым айында соғыс басталды да кетті. Он күн өткеннен соң біз қоршауда қалдық. Бізге берілген бұйрық мынадай болды: Бірінші болып атыспау, тек жай ғана аңдысын аңду, шешуші айқасты күту, қолдағы бар оқ дәріні үнемдеу. Ал қоршауда қалған біз бір ай бойына шегінумен болдық. Еш байланыс, ешқандай азық-түлік қатыстырылмады. Содан-соң шешуші айқас басталды. Сол айқасқа түскен 2000 адамнан тек 40-ы ғана аман қалды.

...Соғыс аяқталған соң елге келіп мектепте математика пәнінен сабақ беріп жүрдім. Күн сайын мені НКВД-ға шақырумен болды. Сөйтсем, өзімнің мұғалімдерім маған жала жапқан екен. Сөйтіп, 1948 жылы отанына сатқындық жасады деген желеумен 25 жылға сотталып кете бардым. Оның 8 жылын атақты Колымада өткіздім.

Жақында мен 90 жасқа толмақшымын. Қанша снаряд қасымнан жарылып жатса да, қанша адамдар құрт-бит болып өліп жатса да мен әлі күнге тірімін. Сірә, қазақтың «қырық жыл қырғын болса да ажалды ғана өледі» дегені рас болса керек».

Десек те қоғамның, биліктің өзгеруіне байланысты адам өмірінде түрлі-түрлі жағдайлар болған, бола да береді. Кеңестік кезеңнің алғашқы жылдарында: «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын», «Молда мен байларды, қойдай қу қамшымен» деп ұрандау салдарынан қабірсіз қалған адамдар қаншама? Солардың көбі жазықсыз жазаланды. Бірақ олар ату, шабу сияқты жаза қолданатындай жазықты болмаған. Оның ақ-қарасын айыруға кеңестік озбыр идеология мүмкіндік бермеді, тек тәуелсіздігіміз оларды іздеуге, тағылған жаладан есімін арашалап алуға мүмкіндік берді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ҚР ҰҚК БҚО мұрағаты П-1124-ші іс, 1-том, №6 қор
2. Ғ.Нығмет, Х.Табылдиев Ақтаңдақтар ақиқаты – А., 1999.
3. Д.Д.Сүлейменова «Зұлмат жылдар құрбаны болған Алаш қайраткері Хасан Нұрмұхамедовтің күреске толы ғұмыры хақында» Орал өңірі 2011.

4. Алаш қозғалысы: теория, тарих, тағылым атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Орал. 2008.
5. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. «Арыс» баспасы, 2002.

ӘОЖ: 39=512.141.Т89

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАРИХИ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ СӨЗДІГІ (БАШҚҰРТТАР)

М. М. Тналиев, аға оқытушы

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Бұл мақалада башқұрт халқының тұрмысы, салт-дәстүрі, тілі, діні, шаруашылығы этникалық дамуы жағынан қазақтарға ұқсастықтары кеңінен қарастырылған. Ерте кездегі қыпшақтардың ұлттық болмысы, кәсіби іс-әрекеті, этнографиялық дамуы, тілдік және мәдени ерекшеліктері қарастырылған. Сонымен қатар қыпшақтардың башқұрт пен қазақ тілінің дамуына ықпал еткендігі деректермен келтірілген.

В данной статье рассматриваются сходства башкирского народа с казахами этническим, хозяйственным развитием, религией, языком, традицией, бытом. Рассмотрены сведения исторического развития взаимодействия казахского и башкирского языка, культурной особенности языкового этнографического, профессионального развития национального становления кипчаков в древности.

Similarities of Bashkir people with Kazakh by ethnic, economic development, religion, language, tradition, life are widely considered in the article. Similarities of Bashkir people with Kazakh ethnic, economic development, religion, tradition, life are widely considered in this article. Information of historical development of interaction of Kazakh and Bashkir language, cultural peculiarities of language ethnographical, professional development of national formation of Kipchaks in ancient times are considered.

Өздерінше аталуы мен жазылуы-башқорт.

Орыстардың ықпалымен былайғы жұрттың көпшілігі оларды «башкир» ретінде таниды. Шуваштар (чуваштар) «пушкерт» атымен мәлім. Ертеректе ортаазиялық түрік қауымы – соның ішінде қазақтар мен ноғайлар да бар – башқұрттарды «естек» (ештек, иштяк, истяк) деп атаған. Бұл атау әуелгіде башқұрттың тама, усерген, мүтейген, көбелек (кубалак), ай, тырнақлы, төбелес (тубеляс), бектүн, ирек (иряк) сынды шығыс тайпапары мен руларына қатысты қолданылыпты. Кейін оның аясы кеңейіп, ол XVII-XVIII ғ.ғ. бүкіл башқұрттың этнонимін білдіретін ортақ ұғымға айналған. Қазіргі кейбір башқұрт ғалымдарының (Р.Г. Гусев, С.Ф. Мирджанова) болжамдары бойынша, аталмыш тайпалардың шығуы сой-тегінің батыс-сібір угорлары қатарындағы хантылардың бұрынырақта «остяк» атанған арғы ата-бабаларымен тарихи байланысы болуы мүмкін. Осыдан келіп, башқұрттардың бір тобына «естек» есімі таңылса керек.

Халықаралық статистиканың 1991 ж. ұсынған мәліметінде башқұрттардың сол кездегі саны 1,6 млн. екендігі көрсетілген. Халқының жартысынан сәл астамы, яғни 60 пайызға жуығы Ресей Федерациясының Башқортостан Республикасында (орталығы - Өфө, яғни Уфа қаласы) тұрады.

Орталық Азияның көшпенділері келгенге дейін мұнда жер өңдеумен, аң аулаумен шұғылданатын фин-угор (мишар) және сармат-алан тайпалары тұратын еді. Олардың бірқатар

бөлігін кейін қыпшақ, биляр (бұлғар), қырғыз (қазақ), қара қытай, бурзян (мордва), табын, жалайыр атты негізінен түрік тілді көшпенді малшылардың екі дүркін жөңкілітіп келген тегеурінді толқыны уақыт өте келе жұтып жіберген болатын. Сол шамада Алтайдан ауып келген динлендердің де бір бөлігін осындай тағдыр күтіп тұрған-ды.

VII-X ғ.ғ. Орта Азияның солтүстігі мен Сібірдің оңтүстігінен қазіргі шығыс-түрік (алтай, хакас-қырғыз, саха, тыва) моңғол және тұңғыс-маньжур халықтары ата-бабаларының мәдениетін бойларына сіңірген түрік тілдес тайпалардың, оңтүстіктен бұлғарлар мен хазарлардың, суварлар мен буртастардың алғашқы керуен-көші жетеді. Оңтүстік Орал таулары аумағына түрік топтарының екінші мәрте атой салып келуі моңғол шапқыншылығы қарсаңындағы XI-XIII ғ.ғ. аралығына жатады. Осы жүзжылдықтардың бедерінде Қап тауының теріскей беткейіндегі далалықтар мен Еділ-Дон өзендерінің жағалықтарынан куман (қыпшақ, половец), оғыз-пешенек тайпалары дүркін-дүркін тасқындап төгілумен болады. Олар келген бойда жергілікті этникалық топтарға белсенді түрде еніп, қазіргі заманғы башқұрт халқының материалдық мәдениеті тілінде іргелі із қалдырады. Мұндағы байырғы тайпалардың кумандану, яғни қыпшаққа айналу процесі бұдан кейінгі Алтын Орда (Жошы Ұлысы) дәуірінде одан әрі кеңге құлаш жайып, жалғасын таба түседі. Бұл процесс орта ғасырлардағы башқұрттар өмір салтының өзіндік белгі-таңбалары қалыптасып, айшық ала беруіне елеулі әсер етеді. Шамамен сол кезендерде башқұрттар орналасқан этникалық территорияның шекаралары да айқындала бастады. Осы орайда олар X-XV ғ.ғ. аралығында Еділдің (башқұртша Идел) орта ағысы мен Каманың төменгі сағасында билік жүргізген, XIII ғ. бастап моңғолдарға бағынышты болған. Бұлғар (болгар) қағанатының да башқұрттардың ұлыс ретінде ұйысуында аз рөл атқармағанын айта кеткеніміз жөн. Бұл тұста башқұрттардың батыс бөлігі бұлғарларға қараса, шығыс бөлігі, яғни орталықтар өз беттерінше емін-еркін, көшіп-қонып жүрген. Зерттеушілер сияқты 965 ж. Киев Русінің князі Святослав оғыздармен одақтасып, Хазар қағанатының шаңырағын ортасына түсіргеннен кейін ондағы біраз жұрттың бұлғарларға барып паналағанын, сол арқылы олардың да бір бөлігінің кейінірек башқұрт ұлтын құрған тайпалармен суша сапырылысып кеткенін тілге тиек етеді. Башқұрт этносы құрамының Толығуы Алтын Орда ыдыраған соң да саябыр тапқан жоқ. XV-XVII ғ.ғ. оған башқұрттармен бірге Үлкен Ноғай ордасында болған көшпенді ноғайлардың кейбір топтары қосылды, ал XVII-XVIII ғ.ғ. өз ортасына сыймаған қалмақтар мен Орта Азиядан келіп, тұрақтап қалған сарттардың үлкен бөліктері сіңісіп кетті.

Антропологиялық белгілер бойынша башқұрттар біркелкі емес. Өйткені олардың қалыптасу кезеңі еуропоеид және монголоид нәсілдері өкілдерінің бір-бірімен тығыз араласуы жағдайында өтті. Сондықтан халқының құрамында әр түрлі нәсілдің бірнеше типі екшеленіп көрінеді. Айталық, олардың солтүстік аймақтарда тұратын қатары қазіргі хантылар мен мансилерде кең таралған көшпелі орал нәсілінің шығыс еуропа типіне, ал түрлері қазақтарға мейлінше ұқсас келетін оңтүстік-шығыс аудандардағы үшінші бөлігі моңғол нәсілінің оңтүстік-сібір, яғни тұран типіне жатады.

Бұрынырақта негізгі дәстүрлі кәсіпшілігі жартылай көшпелі мал шаруашылығы (жылқы, қой, мүйізді ірі қара болған. Сондай-ақ аң және балық аулаумен, орман омарташылығымен, өсімдіктердің мәуелерін және тамырларын терумен айналысқан. Қазақтар сияқты жаз күндерін мал-жандарымен жайлауда (йейлзу) өткізіп, қысқа қарай қыстауларға оралып тұрған. Башқұрттар өздері «тирмэ» деп атайтын киіз үйлерді пайдаланған, тамақтарының арасында ет пен сүттен жасалатын тағамдар көбірек қолданылады. Соның ішінде ұсақталып туралып, пісірілген жылқы және қой еттері (бешбармақ), шикі еттен қақталған шұжық пен қазы-қарта, ірімшік пен құрт (корот) айрықша бағаланды. Еттің сорпасына қайнатылған кеспе-лапша (халма) да кеңінен танымал. Сусындардың қатарында қымыз, қатық және айран ерекше орын алады.

Башқұрттар-мұсылмандар. Олар исламның суннит тармағын ұстанады. Бұл дін халықтың арасына башқұрт этносының батыс бөлігі Еділ Бұлғариясына этно-саяси тұрғыдан тәуелді болып тұрған X-XIII ғ.ғ. тарай бастаған.

Башқұрт тілі өзінің тілдік белгілері бойынша өзге де түрік халықтарының тілдеріне ұқсас. Әсіресе, татар тіліне бір табан жақын. Осы тілмен бірге ол түрік тілдерінің батыс бұтағы қыпшақ тобының қыпшақ-бұлғар шағын тобына қарайды. Бірақ, өз кезегінде бұл екі тілдің де бір-бірінен айтарлықтай айырмашылықтары бар. Олар негізінен консонантизм мен лексикада

айқынырақ көрініс береді. Башқұрт тілінде татарларда ұшыраса бермейтін сөздер жетіліп артылады. Башқұрт лексикасы сондай-ақ кірме сөздерінің құрамы жөнінен де татар тілімен ұқсаса бермейді. Мұны оның дүнән қазақша (дөнән), қонан (құнан), қонажын (құнажын), алыс (алыс), таңлай (таңдай), кумта (жәшік) тәрізді татар лексиконында ұшыраспайтын монголизм типті көптеген сөздерінен байқауға болады. Ал, араб-парсы сөздерінің қатары барша түрік тілдеріндегі секілді бұл тілде де аз емес.

Башқұрт лексикасының ендігі бір айырмашылығы басқа бауырлас тілдердегі мағыналас сөздерінің дауысты дыбыстарының өзгеріп қолданылатындығынан көрініс береді. Айталық, қазақтың «білім» сөзі оларда «белем» түрінде айтылады. Түрік мемлекеттерінің қалған бөлігі оны «билим», «илим», «пилим» деп жазатыны белгілі. Біздің «бұлт» деген сөзді олар «болот» деп айтады.

Башқұрт лексиконының қызығына түсіп кеттік білем. Енді оның бірнеше сөзін салыстырып көрулеріңіз үшін назарларыңызға ұсынайық та, сосын тұтас сөйлемдердің мағыналарына ой жүгіртіп көрейік. Алдымен, сөздер: башқұрт тілінде «ятақ» қазақша –«жатақ», қорал-құрал, урман-орман, көдз-күз, күз-көз, йаш-жас, әләм-жалау, йай-жаз, ирен-ерін, туп-доп, халк-халық, тарих-тарих, алға-алға, түнәрәк-төңірек, йыйын-жиын, айыу-аю, озақ-ұзақ, яға-жаға, кейем-киім, мәғәнә-мағына, ай-ай, арқыры-арқылы, йондоз-жұлдыз, өй-үй, тупрақ-топырақ, йер-жер, юл-жол, китап-кітап, күлдәк-көйлек, беренселек-біріншілік, қатын-қатын, хөкәм-үкім, уқысы-оқушы т.б. Байқап қарар болсақ, бұл сөздер де біздер үшін оншалықты түсініксіз емес екенін пайымдай алар едік. Тағы бір мысал: «бер қараһаң, бик ақылды кеше кеуек тыйыла, икенсе қараһаң-шыр тиле» (Қазақшасы: Бір қарасаң, өте ақылды кісі сияқты, екінші қарасаң-әшейін ақымақ) «Иртәгә китәбедз, бед улай булғас» (Ертең кетеміз, біз олай болса).

Мұның бәріне егжей-тегжейлі тоқталып жатқандағы мақсатымыз башқұрт халқының қазақтарға жақын екенін көрсету еді. Қазақ ғалымы марқұм Рахманқұл Бердібайдың жазғанындай, шынында да, «Түрік халықтарының біразынан башқұрттар қазаққа этникалық жағынан жақынырақ». Біз бұл пікірге тілдік жағынан да соншалықты етене екенімізді қосқымыз келеді. Соңғы жылдары башқұрт ғалымдарының башқұрт тілі мен оның говорларын зерттеуді көне дәуірлердегі қыпшақ және бұлғар тілдерінің өзара қарым-қатынасы тұрғысынан қарастыруды ұсынып жүруі тектен-тек емес.[1] Осы орайда ғалым С.Ф. Мирджанованың «С глубокой древности язык башкир находился под влиянием кыпчакского языка. Кыпчакское этническое, языковое и культурное воздействие проникло во все слои древнебашкирского этноса и сказалась на его формировании» [2]-деген қорытынды жасауы көп жайттың басын ашып бергендей. Башқұрт тілінің қыпшақ тіліне жақын екендігін кезінде Махмуд Қашқари де айтып кеткен еді. Ал, қазіргі заманғы қазақ тілінің де негізін осы көне қыпшақ тілінің қалағанын ескерсек, башқұрт пен қазақтың этникалық жағынан ғана емес, тілдік негізі жөнінен де егіздің сыңарындай екендігін пайымдауға болады.

Этникалық туыс демекші, башқұрттардың құрамында қазақтар мен басқа да бір топ түрік халықтарына қосылып жүрген тайпалар мен рулар, сүйектер мен омақтар көптеп ұшырасады. Тағы да жоғарыдағы башқұрт ғалымының келтірілген мақаласына сүйенсек, «башқұрттардың негізгі бөлігінің қара, харуш (арыс), хұйын, сәнкем, бушман, иетеру (жетіру) сияқты рулардан құралатын қыпшақ тайпасының тікелей ұрпақтары» екендігіне көз жете түседі. Зерттеушілер башқұрттардың қатарында олардан басқа табын, тама, жалайыр, қаңлы, керей, телеуіт, қырғыз, байұлы, алшын, меркіт, таз тәрізді ру-тайпалардың кездесетінін жазады. Ал, Шәкәрім қажы тіпті олардың 1723 ж. Ақтабан шұбырындыдан соң сонда барып, татарлармен араласып кеткенін айтады [3].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бердібай Р. «Байқалдан Балқанға дейін». – Алматы: 1996. – 75 б.
2. «Советская тюркология». - 1979. - №4. - 64 с.
3. Құдайбердіұлы Ш. «Түрік қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі». - Алматы: 1991. - 62 б.
4. Түркі халықтарының тарихи этнографиялық сөздігі. Башқұрттар. // Егемен Қазақстан. - 2005. - 25 қазан.



УДК 81'243:62

**EDUCATION STUDENTS TERMINOLOGY ARE NONLINGUISTIC
FACULTY FOR CASE DEPARTMENT OF MECHANICAL
ENGINEERING**

Zhakupova student, Supervisor – G. N. Kismetova, k. p. s, Associate Professor

ZKATU of Zhangir Khan

Мақалада «Құрылыс» мамандығына арналған техникалық термин сөздердің қолданылуы қарастырылады. Қазіргі инженер мамандарға ағылшын тілін меңгеру өте маңызды, соның ішінде техникалық терминологияны ағылшын тілінде білуі қажет. Термин ең маңызды ақпараттық және мағыналық мәнге ие. Техникалық мамандықта оқитын студенттер шетел тілінде негізгі білімді меңгере отырып, терминологияны да игеруі қажет. Ағылшын тілінде терминологияны білу жаңа ақпаратты меңгерудің ең бастапқы шарты болып табылады.

В этой статье представлена информация о технической терминологии на примере специальности «Строительство». Чтобы шагать в ногу со временем, современному инженеру необходимо владеть иностранным языком, особенно технической терминологией. Термины обладают важной информационной и смысловой нагрузкой; ввиду стремительного развития зарубежных технологий, студенты технических специальностей должны иметь базовые знания на иностранном языке, а знание терминологии – одно из самых начальных условий для усвоения новой информации.

This article contains information about the technical terminology of the example of a specialty "Construction". To keep pace with the times, the modern engineer must speak a foreign language, especially the technical terminology. The terms have important information and semantic load, due to the rapid development of foreign technologies, the students of technical specialties should have basic knowledge of a foreign language, and knowledge of the terminology - one of the initial conditions for the assimilation of new information.

In all branches of the palpable need for specialists who are fluent in foreign languages, allowing them to familiarize themselves with new trends in the development of science and technology, establish professional contacts, improve their professional competence. This is especially true of such important areas as construction.

And because of this activity is faced with an abundance of specialist foreign language information provided by various sources, it becomes clear the importance of learning terminology are in high school foreign language courses. That is, the student, the future specialist must not only gain knowledge of a foreign language, he must learn exactly these knowledges that is most likely to need him to understand the text in the specialty, to obtain and to transmit information in their specialty in a

foreign language. Program in a foreign language to non-language schools provides for the gradual introduction of the student with the scientific and technical literature: from the simple original popular science texts to the original literature in their specialty, that is, involves the examination of the terms of popular science, general science, and the original literature in their specialty.

In any text in the specialty, there are three groups of words: words-non-terms, terminology and proper word terms [1].

I. Words-non-terms are the means of communication of scientific concepts, expressions of their relationships and explanations, the interpretation of the term.

II. Terminological word - it is the general scientific and general technical words and phrases. These words and phrases are an integral part of scientific and technical articles from any degree.

III. The terms and terminological phrases give a special name for the scientific and technical concept, for phenomenon and for subject.

The basic unit of information in the learning process is still the text, so terminological lexicon absorbed primarily through the work of the texts in their field. It seems to us particularly successful graphic design texts - the division into two parts, where the left is the text of the unknown with a dedicated student specials. vocabulary, and to the right a translation of selected words and phrases. First, it helps students immediately identify an unfamiliar word in the text and find out its meaning, and this leads to rapid memorization of vocabulary. And second, a new word is presented in the context of semantic unity, which allows to mark features of its use.

In addition to the graphic design of the text, of course, work on the vocabulary necessary to continue the next exercise.

Direct work with the text includes the elaboration of lexical and grammatical features of the text. Text phase involves work on the exercises, aimed at the selection of semantic support in the text, the division of the text material on the semantic parts.

Preparing students to read literature in a narrow specialty, beginning with the first phase of training, the teacher must be clear about the lexical minimum required students to read literature in their specialty, which shall include the words from the vocabulary sections of the scientific and technical texts.

Education students not philologists to special foreign language terminology lexicon effectively carried out only under the following conditions:

- 1) when learning a foreign language as a communication;
- 2) with active involvement of students in the speech activity;
- 3) on the basis of cognitive-communicative approach;
- 4) in learning all aspects of language (pronunciation, vocabulary, grammar), and all kinds of speech activity (speaking, reading, listening and writing)
- 5) when implementing the selection and organization of educational material on the basis of subject directivity and professional significance.

Exercise after a text-aimed at consolidate the terminological units in speech. Among them are: exercises for back translation and question-answer exercises, and speech exercises, discussion of the contents of text for which you want to participate in the knowledge of the terms and content of the text, that is, modeling career. [2] Also offered exercises to control the basic understanding of the content of the text read, to develop skills to express value judgments on the read, the ability to do a comparative analysis of the obtained information to make conclusions and generalizations. In our opinion, this technique works with the terminological vocabulary in reading texts on the profession is very effective because it allows students to not only comprehend and process information, it allows to see the relationships between concepts, but also to create further support for the monologic utterance.

An example would be the following text and exercises for him. [3]

<p><u>Metal properties</u> Various materials are used as a solution for fastening. It was so a long ago. Sometimes in Mesopotamia (modern Iraq) masters applied resin substance- bitumen. Egyptians used plaster (sulfate of calcium). Greeks and Romans originally worked with oxide calcium. But the limy solution was easily washed away by a rain. Subsequently Greeks and Romans took more durable cement mortal on arms – a mix to exhaust, sand and volcanic ashes. Later Romans began to add to it gravel for reception of concrete. Greeks continued building of integral blocks of a stone or marble. One more major landmark became manufacturing bricks in the furnace for roasting at high temperatures. So it was received stronger and more durable materials in comparison with samanom . But Romans used only thin layers of these materials for facing concrete designs. Besides dwelling, builders could erect majestic palaces, temples and monuments. They also decorated with their decorative stone lying. Many things are made by metal tools. Metal tools allow cutting, squaring and polishing a stone. Metal tools such as an axe, a saw, builders used many years ago. Also they had an opportunity to use available materials more widely. Now they could cut the big trees and split them and bars.</p>	<p>Solution – Раствор Fastening – Закрепление Plaster – Штукатурка Sulfate of calcium – Сульфат кальция Durable – Прочный Volcanic ashes – Вулканическая зола Gravel – Гравий Marble – Мрамор Manufacturing bricks – Промышленные кирпичи Dwelling – Жилой дом Temple – Храм Tools – Инструменты Saw – Пила Axe - Топор</p>
---	--

Exercises after reading the text

1. Match the following words with their Russian equivalents:

Tools	сооружать
Saw	храм
Axe	дерево
Chisel	гравий
Tree	мрамор
Dwelling	инструмент
Erect	прочный материал
Temple	раствор
Manufacturing bricks	штукатурка
Durable material	дома
Wooden forms	песок
Solution	стамеска
Fastening	топор
Plaster	вулканическая зола
Oksid calcium	пила
Sand	прикреплять
Volcanic ashes	деревянная форма
Gravel	промышленные кирпичи
Stone	оксид кальция
Marble	камень

2. Read the text again and complete the following sentences:

- 1 Now they could cut the big trees and
- 2 Various materials were used
- 3took more durable cement mortal on arms – mix to exhaust, sand and volcanic ashes.
- 4 Many things
- 5 Greeks and Romans
- 6 ...in comparison with samanom
- 7 Besides ..., builders could erect majestic palaces, ...
- 8 ... continued building of integral blocks of a ...
- 9 Metal tools such as ... builders used many years ago
- 10 ... used plaster (sulfate of calcium)

Preparing students to read literature in a narrow specialty, beginning with the first phase of training, the teacher must be clear about the lexical minimum required students to read literature in their specialty, which shall include the words from the vocabulary sections of the scientific and technical texts.

Education students not philologists to special foreign language terminology lexicon effectively carried out only under the following conditions:

- 6) when learning a foreign language as a communication;
- 7) with active involvement of students in the speech activity;
- 8) on the basis of cognitive-communicative approach;
- 9) in learning all aspects of language (pronunciation, vocabulary, grammar), and all kinds of speech activity (speaking, reading, listening and writing)

when implementing the selection and organization of educational material on the basis of subject directivity and professional significance.

LITERATURE

1. A. Kosteniuk P.N. Active methods of teaching foreign language in non-linguistic university (for example, learning the vocabulary.) URL: <http://www.rusnauka.com/Pedagog/31.html>
2. Kulgavyuk V. Improved methods of learning vocabulary, terminology. URL: <http://www.t21.rgups.ru/doc2010/4/12.doc>
3. Bzhiskaya Y. English for construction specialties. Workshop. / Yu V.Bzhiskaya - Rostov N / A: Phoenix, 2008 - 220

СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

Ш. Г. Искакова, аға оқытушы

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық - техникалық университеті

Мақалада болашақ маман шетел тілінде күнделікті қарым-қатынаста еркін сөйлеуі үшін, сабақты компьютердің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, инновациялық әдіспен өткізу бүгінгі күннің басты талабы екеніне назар аударылады.

В статье рассматриваются вопросы эффективного использования информационных технологий, раскрывающие огромные возможности компьютера как средства обучения.

Nowadays studying process with a computer as a methodological mean has a big popularity and is offered a material by especial ways.. Modern society requires the highest practical skills of foreign languages not only in communication but in professional sphere. Information technology using is opened the great possible of computer as a mean of studying..

Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Елбасы өзінің жолдауында «Білім беру реформасы- Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап көрсетті. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыру еліміздің даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі, себебі «XXI ғасыр – білім беру жүйесін ақпараттандыру ғасыры». Қазіргі кезде ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту білім берудің бір бөлігі.

Білім беру саласындағы инновациялық үдерістердің күрделілігі мен қайшылықтары жаңа құбылыстармен әрекеттесе отырып, жалпы білімді ізгілендірудің сапалы кезеңінде студенттердің шығармашылық қызығушылығын қалыптастырудың мәселесін өзекті етуде. Соңғы жылдары оқу-тәрбие үдерісіндегі жеке тұлғаны дамытуға бағытталған оқытуға үлкен мән берудің өзі еліміздегі өзгерістердің маңыздылығын көрсетеді.

Білім беру үдерісі – жас өспірімдерді ақпараттық қоғам жағдайындағы ақпараттық қоғам жағдайында жан-жақты даярлайтын үдеріс болуы қажет. Сондықтан білім беру жүйесінде компьютерлерді пайдаланудың маңызы зор. Өйткені компьютер адам қызметінің барлық саласында еңбек өнімділігін арттыру құралына айналды. Болашақ мамандардың ақпараттық мәдениеті негіздерін қалыптастыру студенттердің компьютерде жұмыс жасауды игеруімен тығыз байланысты [1].

Білім беру мәселесінде компьютерлік оқыту студенттерді информатика негіздерімен таныстырумен ұштасады. Бұл компьютерді қолдану жайында кешенді зерттеу жүргізуге және оны бағдарламалық, техникалық, сондай-ақ оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етуге үлкен рөл атқарады.

Ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамуы жағдайында компьютерлік курстар ерекше дүниетанымдық мәнге ие бола бастады. Ол жас ұрпақты ғылыми-техникалық жаңашылдыққа қатысты сезімге, оның табиғатын түсінуге, жаңа технологияның қазіргі қоғамдық өндірісте аса қажет екеніне көз жеткізуге тәрбиелейді.

Ағылшын тілін оқытуда жаңа технологиялар мен техникалық құралдарды сабақта жан-жақты қолдану оқытушының көптеген қиын қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызды. Оқу үдерісіндегі осындай жаңа бағыттардың бірі ретінде ақпараттық оқыту жүйесіндегі түрлі компьютерлік бағдарламалар арқылы тіл үйретуді атар едік. Өзім ағылшын тілі сабағында “Essential Grammar in Use”, “Murphy”, “Learn”, т.б. бағдарламаларды қолданамын.

Ақпараттық технология – ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген әдістер мен өндірістік және бағдарламалық-технологиялық құралдардың жиынтығы.

Бүгінгі таңда студенттердің компьютерлік сауаттылықты меңгеріп алуы оларға танымның жаңа құралын, сонымен қатар қазіргі кездегі барлық мамандар бірдей меңгере бермейтін көптеген мүмкіндіктер берді. Жаңаша жаңғыртып оқыту әдістемесінің (инновация) негізінде үйренушінің дербес қабілеті белсенділігін қалыптастыру, оқыту материалдарын өзінше пайдалану арқылы олардың танымдық белсенділігін арттыру алға шығады.

Жаңаша белсенділігін жандандыру әдістемесі (интерактивтік) студенттерге өзін-өзі ыңғайлы сезінетін жағдайды қалыптастырып, олардың оқуға деген қызығушылығын, шетел тілін өз қажеттілігі үшін практикалық тұрғыдан қолдануға деген ынтасын оятып, тілді оқып үйренуге деген талабын арттырады және де сабақтың нәтижесін жоғарылатады. Интерактивтік тәсіл шетел тілі сабағындағы субъект болып табылатын студенттің жеке тұлғасының сезімін, түйсігін шынайы қажеттілігімен сәйкестендіріп, оның тілдік, танымдық, шығармашылық қабілетін оятады [2].

Жаңа ақпараттық технология құралдарын ағылшын пәнінің кіріктірілген сабақтарында пайдалану, шығармашылық, интеллектуалдық қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі. Компьютерлік техниканың дидактикалық мүмкіндіктерін педагогикалық мақсаттарға қолдану білім мазмұнын анықтауға, оқыту формалары мен әдістерін жетілдіруге жақсы әсерін тигізеді:

- өз әрекетін саналы түрде жоспарлайды;
- презентациялар құрауды біледі.

Программалауды оқыту олардың логикалық қабілетін дамытады, бақылау мен өзін-өзі бақылауын қалыптастырады, еңбек ету мен дағдысының жинақтылығын қамтамасыз етеді, жалпы мәдени дүниетанымын қалыптастырады.

Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі ол оқытушылар мен студенттерге өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға көп мүмкіндік береді және оны педагогикалық мақсатта пайдалану студенттердің зердесіне, сезіміне, мүддесіне, көзқарасына әсер ете отырып, интеллектуалдық мүмкіншіліктерін арттыруға көмектеседі.

Ағылшын тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпаратты білуге жол ашады. Ауызекі сөйлеу тілін қалыптастыруда сөздер мен сөз тіркестерінің қолданылуын, сөйлем құрастыруды, тұрақты сөз тіркестерін қолдануды, сұрақ қоюдың барлық түрлерін үйрену тиімді. Студенттердің сөйлеу дағдылары ауызекі сөйлеу жүйесінен, сұраққа қысқа да толық жауап қарастыра алуынан, оқығандарын ауызша да, жазбаша да мазмұндап беретіндей дағды-машықтарынан, шығарма, хат жазу дағдыларынан құралады. Ағылшын тілін оқытуда ең алдымен тәжірибелік мақсат қойылады, осы ретте студенттерді сөздік қорларын байытуға, сауатты жазуға, сөйлесуге, көргендерін, естігендерін әңгімелеп беруге үйрету қажет. Ал бұл іс-әрекеттерді сауатты да дұрыс жүзеге асыру үшін грамматикалық жұмыс жүргізілуі керек.

Компьютерлік оқыту бағдарламаларының қай қайсы болмасын өз мазмұнынан грамматикалық жұмыс жүргізуді тыс қалдырмайды яғни белгілі бір грамматикалық құрылымның жұмыстарын қамтиды. Оқу үдерісінде компьютердің білім беру құралы ретінде кең таралуының негізгі алғы шарттары төмендегідей сараланады:

1. Компьютер шексіз ақпарат әлеміне еруге және ақпаратты жүйелі түрде талдап, сараптауға мүмкіндік береді. Ақпаратты алудағы жоғары жылдамдық адамның ақпараттық мәдениетінің үнемі өсуіне жағдай жасайды.

2. Компьютер адамның зерттеу-танымдық әрекетінің әмбебап құралы ретінде ерекшелінеді.

3. Компьютердің өзге құралдардан ерекшелігі – оның қатысымдық құрал бола білуінде. Яғни, білім алушылар, ол арқылы қатысымның барлық түрлерін жүзеге асыра алады. Мәселен,

мәтіндерді оқу, сұхбат жасау, жазу, тыңдау әрекеттері. Тіл үйренуде бұл мүмкіншіліктер ең маңызды болмақ.

4. Компьютердің көмегімен жаттығулардың кешенді түрлерін аз уақытта орындау мүмкіншілігі туындайды.

Қазақстан Республикасының мемлекетаралық тілі – ағылшын тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен-күнге өзекті болып келеді. Тілді ақпараттық-коммуникативтік технология арқылы оқыту – тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе. Сонымен қатар студенттердің интеллектуалдық, шығармашылық және коммуникативтік іс әрекеттерін дамыта алады, оқу белсенділігі артады және сабақтың барлық негізгі кезеңдерінде студенттерге шығармашылық жұмыс ұсынуға болады.

Студенттердің іс-әрекеттерінің негізі – біліктілік пен дағдылануды қалыптастыратын өз бетінше жұмыстарды орындау болып табылады.

Оқытушының студенттердің өз бетінше орындалатын жұмыстарын ұйымдастыруға, дидактикалық тапсырмаларды орындауы нәтижелі болуы үшін соларды басқаруға бағытталған іс-әрекетін ақпараттық технологияны пайдалана отырып жүзеге асыруға болады.

Студенттердің қарым-қатынас мәдениетінің негізі кәсіби іс-әрекет біліктілігі қалыптасқан, бүкіләлемдік ақпараттық кеңістікте дұрыс бағдар ұстап, қоғамды ақпараттандыру мәселелерін шеше алатын, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасау мүмкіндігінің деңгейі жоғары маман даярлау болып табылады.

Бұл мәселені оқу үдерісін ғылыми ізденіс жұмыстарына барынша жақындату арқылы ғана шешуге болатыны түсінікті. Өйткені, оқыту әдістері белсенді ғылыми жұмысқа бағытталған, ал оқытуды ұйымдастыру жолдары студенттердің жеке ерекшеліктерін, оқуға қызығушылығы мен мүмкіндігін қамтамасыз ететін жағдайда ғана, болашақ мамандардың қоғамдағы ғылым мен техниканың жетістіктерін толық меңгеретіні айқын. Осылардың нәтижесінде болашақ маманның төмендегідей мүмкіндіктеріне жол ашылар еді:

- өз білімін өздігінен үнемі жетілдіріп отыруға үйрену;
- зерттеу жұмыстары мен оқыту әдістемесінің мазмұны, құрылымы туралы қажетті біліммен қарулану;
- әрбір студенттің зерттеу жұмыстарына деген біліктілігі мен оған дағдылану компоненттерінің қалыптасуы;
- алдыңғы айтылған ойлар негізінде зерттеу және практикалық жұмыстарға деген қызығушылықты жоғарлату;
- байыпты ойлау қабілетінің даму мүмкіндіктерін ашу, т.б, [3].

Университет қабырғасында кәсіби білім алудың қажетті компоненті ретінде жоғары мектепте өзіндік оқып-үйрену процесіне қызмет ететін, сондай-ақ, жобалау үдерісі мен болжау жұмыстарына қажетті ғылыми- зерттеу істерін келтіруге болады. Студенттің ғылыми зерттеу жұмысы өз бетінше атқарылатын жұмыстардың тек бір қыры ғана.

Заман ағымына сай күнделікті сабаққа бейне, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Бұндай қондырғылар студенттердің қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдауымен қатар, түсінбей қалған сәттерін қайталап көруге, тыңдауға және алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді. Студенттердің өздері де алынған ақпаратты көшіріп алып (дискетке, бейне таспаға, флешкаға) онымен өз ыңғайына қарай жұмыс істей алады.

Әсіресе, олардың тиімділігі:

- 1) қашықтан білім алу мүмкіндігі туындайды;
- 2) қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі болады;
- 3) экономикалық тиімділігі зор;
- 4) білім сапасына тигізер әсері зор. Әсіресе, тіл сабақтарын игеруде (ағылшын, орыс, қазақ тілдерінде) айқын сезіледі.
- 5) іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйренуде тиімді;
- 6) қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақпен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып үдерістері мен әр түрлі физикалық, химиялық, биологиялық тәжірибе нәтижелерін көріп, сезінуге мүмкіндік береді;
- 7) студенттің ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде электрондық байланыс жүйелерінде ақпарат алмасу интернет, электрондық пошта, телеконференция, бейнеконференция, телекоммуникациялық жүйелер арқылы іске асырылуда.

Оқытудың компьютерлік технологиясын енгізу оқу-тәрбие қызметін басқаруды интенсивтендіру мен оптималдандырудың жаңа принципті мүмкіндіктерін ашады[4].

Оқытудың жаңа педагогикалық технологиясын жүзеге асыру студенттің шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік береді, өз бетімен танымдық және тәжірибелік-зерттеушілік қызметін меңгеруге көмектеседі, білім алушылардың өз бетімен оқу қызметінің мәдениеті қалыптасады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Смирнов, С.А. Технология как средство обучения второго поколения / С. А. Смирнов -М. : 2001.

2. Чернышевский, Д. В. Технология обучения и ее выбор / Д. В. Чернышевский // Энциклопедия профессионального образования в 3 т. – М. : 1999. – т. 2.

3. Морева, Н. А. Педагогика среднего профессионального образования / Н. А. Морева // -Учеб. пособие для студентов высш. пед. учеб. заведений. - М. : Академия, 2001. Б. 26.

4. Захарова, И. Г. Информационные технологии в образовании: / И. Г. Захарова // -Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. - М.: Академия, 2003. Б. 75.

ӘОЖ 811. 512. 122: 378: 37.091.3

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗ БЕТІМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ӨЗДІК ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР МЕН ҰСТАНЫМДАР

Г. Г. Қаржауова

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мақалада студенттердің өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамытуға арналған өздік жұмыс түрлеріне қойылатын талаптар жөнінде айтылады. Сонымен қатар тапсырмаларды таңдау мен іріктеу жүйесіне қойылатын дидактикалық ұстанымдар берілген.

В статье рассматриваются требования, предъявляемые к таким видам самостоятельной работы, которые направлены на развитие навыков самостоятельного выполнения студентами заданий. Кроме того, предлагаются дидактические принципы системы отбора заданий.

It is known that volume of done independent work by the students is wide. One of the main factors of perfection of independent work is its organization. Requirements to such kinds of independent work that directed to development of task, are considered in the article. Besides, didactic reasons of task selection system are offered.

Қазақ тілінің орыс аудиториясында пән ретінде оқытыла бастағанына 20 жыл болды. Кеңес дәуірінде жалпыға бірдей міндеттеліп оқытылған орыс және шет тілдері сияқты әріден келе жатқан мол әдістемелік тәжірибесі жоқ осы пән үшін әр оқытушыдан ізденіп еңбектенуді талап етеді.

Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтудің басты бағытының бірі – тілдік қызметті студенттің қажеттілігі мен мүдделеріне сай арттыру. Оқыту үрдісіндегі өздік жұмыс мәселелері

біршама зерттелген. Практикада қолға алынып, дамып келе жатқанымен, әдістемелік жағынан әлі де аз қамтамасыз етілген. Бұл мәселе оқытудың кредиттік жүйесі кезінде алдыңғы орынға шығып отыр. Өйткені қазіргі тілді оқыту технологиясы бойынша студенттердің өздік жұмыстарына берілетін сағат аудиториялық сабақ сағаттарынан екі есе көп беріледі, оның жартысын студент сабақтан тыс уақытта орындайды, бірақ оқытушы кеңес беріп, тексеріп отыруы керек.

Білім берудің жаңа жүйесін қалыптастыру кезінде аталған мәселе жаңаша көзқараспен қарауды қажет етеді. «Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында» орыс аудиториясындағы қазақ тілі сабақтарының мақсаты – мемлекеттік тілді еркін меңгерту деген талап қойылғандықтан студенттердің орындайтын өздік жұмыс түрлері тілді практикалық деңгейде меңгеруге бағытталуы тиіс деп атап көрсетілген. Студенттердің өз бетімен жұмыс барысында орындалатын тапсырмаларға ғылыми тұрғыдан қарауды қажет етеді. Жинақталып, зерделенген әдебиеттерде әдіскер ғалымдар тарапынан бұл мәселеге көңіл бөлініп келеді. Іріктелген лексика-грамматикалық тапсырмалар арқылы студенттердің өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамытуды оқу үдерісін ұйымдастырудың әр деңгейінде ұйымдастыруды ұсынады. Мақсатқа сай берілген тапсырмаларды студенттердің тілді меңгеруін қамтамасыз етуді іске асыратын негізгі алғышарттар тұрғысынан түсіндіреді [2].

Тілдік емес жоғарғы оқу орнында кредиттік оқу жүйесі бойынша қазақ тілін оқытудың басты мақсаты – тілді меңгерудің тиімді бағыттарын анықтау, студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, берілген білім көлемін меңгерту және оны практикада қолданудың тұрақты дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету жұмыстарын қарастыру, студенттердің өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамытуға арналған лексика-грамматикалық тапсырмаларды іріктеу [5].

Әрбір студент орындайтын өздік жұмыстардың ауқымы кең екені белгілі. Сондықтан өздік жұмысты жетілдірудің негізгі факторларының бірі – оны ұйымдастыру болып табылады. Осыған орай бұл жұмыста студенттердің өзіндік ойлау әрекетінің қабілеттілігін дамыту – олардың өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамытудың басты нысаны болып табылады.

Студенттің өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамытуға арналған лексика-грамматикалық тапсырмаларды іріктеу арқылы білім алушылардың шығармашылық қабілетін жамытуға, берілген білім көлемін меңгертуге және оны практикада қолданудың тұрақты дағдыларын қалыптастыруға болады.

Озық дидактикалық ұстанымдарды басшылыққа алып, Отандық және шетелдік тіл үйретушілердің осы мәселе төңірегінде жазылған зерттеу еңбектерін оқып, зерделеп, мынандай тұжырым жасауға болады [3]. Студенттердің өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамытуға арналған лексика-грамматикалық тапсырмаларды жүйелі іріктеу, іріктелген тапсырмалар жұмысын дұрыс жоспарлап, өткізудің әдіс-тәсілдерін жетілдіру арқылы:

- студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға;
- сөйлесу, білім, білік дағдыларын қалыптастыруға;
- тұрмыста, әлеуметтік ортада қарым- қатынас жасау үшін ауызекі тілде дұрыс сөйлеуге;
- грамматикадан алған білімдерін практикалық түрде жүйелеп жеткізе білуге;
- қазақша ойлауға, сөйлеуге, өз ойын жазуға, оқыған шығармасының түсінігін айтуға;
- кәсіби терминдермен жұмыс істеуге, сөздіктермен, газет- журналмен дұрыс жұмыс жасай білуге үйретуге қол жеткізуге болады.

Студенттердің өздігінен орындайтын жұмыстары мынандай талаптарға жауап беруі тиіс: студенттің өзі орындайтын жұмысының мақсатын айқын, саналы сезінуі, жұмыстың саналы аяқталуына сеніп, алдағы нәтижесіне қызығуы, жұмысты студенттің өз еркімен орындауы.

Студенттердің өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамытуға арналған тапсырмаларды таңдау және іріктеу жүйесіне қойылатын негізгі талаптар:

- а) студенттердің меңгерген тілдік материалдарын жаттығуға мол мүмкіндік беретін тапсырмаларды енгізу;
- ә) қарым- қатынас жасауда пайдалануға қажеттілік тудыратын тапсырмаларды енгізу;
- б) берілетін тапсырмалардың барлығы студенттердің еркін сөйлеуіне жетелейтін міндетті көздеу;
- в) тапсырмалардың тілдік жағдаят тудыратын түрде болуы;
- г) тапсырмаларда барлық тілдік міндеттер өзара тығыз байланыста болуы.

Студенттердің өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар мынандай дидактикалық талаптарға жауап беруі қажет:

- студенттердің ойлау белсенділігінің және шығармашылық бастамасының дамуына мүмкіндік туғызу;

- тапсырманы орындай алатындай болу және алынған білімге, шеберлікке, әдетке сүйену;
- өзіндік жұмыстың мазмұны бойынша әртүрлі болуы;
- өзіндік жұмысты әр сабақтың элементі ретінде пайдалану;
- жұмыстың көлемін шамадан тыс асырмай, сапасын арттыруға көңіл аудару;
- студенттің өздік жұмысын оқу жұмысының басқа түрлерімен ұштастыра білу;
- алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуге дағдыландыру;
- өз жұмысына шығармашылықпен қарауға үйрету.

Сонымен қатар ғалым Оразбаева өзінің «Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі» атты оқу құралында өздік жұмысқа берілетін тапсырмаларды іріктегенде мынандай заңдылықтарды ескеруді ұсынады: тапсырманың тәрбиелігі, студенттің, оқытушының, оқытылатын нысанның мақсатты әрекеті бірге іске асырылғанда нәтижелі болатындығы, тапсырма мақсаты, білім мазмұны мен оқыту әдістері арасында тұрақты байланыс болуы [7].

Студенттің ой-әрекетін жандандыратын өзіндік жұмыстың орындалуы көп жағдайда оқытушының талап етуіне байланысты. Егер өзіндік жұмыс өзінің мазмұны бойынша және оны орындау студенттер үшін мүмкін болмаса онда жұмыс орындалмайды немесе формальды түрде орындалады. Оның себебі, оның мазмұнын студенттер жете түсінбейді. Сондықтан студент орындайтын тапсырма күрделенудің өсу қағидасы бойынша құрылуы қажет және мынандай жолдармен жүзеге асырылуы қажет:

а) тапсырмалар ауқымының және өзіндік жұмыс ұзақтығының өсу жолы;

ә) тапсырмалар мазмұнының және тапсырманы орындауға қажетті жұмыс тәсілдерінің күрделендіру жолы.

Студенттердің өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамытуға арналған тапсырмаларды іріктегенде мынандай дидактикалық ұстанымдарды жүзеге асыру қажеттілігі анықталды:

- тапсырмалардың қарапайымнан күрделіге қарай құрылуы;
- үйренушілердің танымдық қабілеттерін белсендіру;
- тапсырмалардың өз бетімен үйренуге, жинақталған дағдыларды дамытуға құрылуы.

Студенттерге сабақ барысында, сабақтан тыс уақытта берілетін тапсырмаларды іріктегенде олардың мектептен оқып келген грамматиканы қайталап оқыта бермей, мамандыққа қатысты мәтіндер мен кәсіби сөздер енгізілген тапсырмаларды негізге алған нәтижелі болары сөзсіз. Сондай-ақ тапсырмаларға қай кезде де маңызы ескірмейтін еліміздің, жеріміздің, халқымыздың тарихи мақтанышы бола алатын мәдени-әдеби, танымдық, тәрбиелік дүниелерді енгізуді жоспарлаған жөн.

Қазіргі дидактика саласындағы жаңаша көзқарастың бірі – студенттердің өз ойын дұрыс айта білуге төселдіру, тілді өмір қажетіне лайықты қатынас құралы ретінде пайдалана білуге үйрету. Бұл тіл ғылымында қатысымдық қарым-қатынас деп қарастырылады. Тіл ғалымдары Аканова Д.Х., Алдашева А.М., Оразбаева Ф.Ш берілетін лексика-грамматикалық тапсырмалар студенттердің танымдық қызығушылығын оятатын, таным деңгейіне әсер ететіндей мақсатта ұйымдастырылуы қажет деп санайды [1]. Берілетін лексика-грамматикалық тапсырмалар студенттердің мемлекеттік тілде еркін сөйлеуі үшін қажеттілік, қолайлылық пен мүмкіндік туғызуы қажет. Осындай қатысымдық тапсырмалар студенттерге өз ойын еркін жеткізе білуге, әрі өзгелердің сөзін түсіне алуына мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар тапсырмаларды таңдарда көп деңгейлік жаттығулар, тілдік және сөйлеу жаттығуларын іріктеп енгізген қолайлы.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Аканова, Д.Х. Қазақ тілін оқыту әдістемесі / Аканова Д.Х., Алдашева А.М. - Алматы, 2002.
2. Мұхамедиева, Н.Қ. Қазақ тілінің практикалық курсы оқыту / Мұхамедиева Н.Қ. - Алматы, 2006.

3. Исмайлова, Р. Студенттердің өз бетімен орындайтын жұмыс түрлері : оқу құралы / Исмайлова Р. - Алматы, 2001.
4. Оралбаева, Н. Практикалық қазақ тілін оқыту / Оралбаева Н., Әбдіғалиева Т., Шалабаев Б. - Алматы : Ана тілі, 2000.
5. Мұса, А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі / Мұса А., Төленов І., Әбіш Ж., Құдайбердиев Е. - Алматы, 2001.
6. Садуова Ж. «Кредиттік технология бойынша студенттің өзіндік жұмысын және оқытушы басшылығымен студенттің орындайтын өзіндік жұмысын ұйымдастыру». //Қазақстан жоғары мектебі, 2009, № 1, – 17-21 б..
7. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы, 2000.

ӨОЖ: 811.512.122:378:37.091.3

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОРЫС ТІЛДІ АУДИТОРИЯДА ОҚЫТУДАҒЫ ӘН МЕН МУЗЫКАНЫҢ РОЛІ

З. Б. Үмбеталина, ф.ғ.к., доцент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мақалада тіл үйрету сабақтарында пайдаланылатын ән материалдарын әдістемелік жағынан дұрыс іріктеу және сабақтың белгілі бір кезеңінде әдістемелік дұрыс қолдану мәселелері қарастырылады.

Тілдік емес оқу орындарының орыс тілді топтарында қазақ тілін оқыту барысында ән материалдарын пайдалану тіл үйретудің анағұрлым тиімді тәсілдерінің бірі болып табылады.

Қазақ тілі сабақтарында әнді пайдалану осы курстың оқу-тәрбиелік міндеттерін жүзеге асыруға да зор септігін тигізеді. Ән тілді меңгеруге ынталандырады, осылайша есте сақтауға бағытталған материалдардың білім алушылардың жадында берік сақталуына және бұл материалдардың көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

В статье рассматриваются вопросы методически правильного отбора песенного материала и методики его использования на том или ином этапе занятий.

Одним из очень эффективных приемов обучения казахскому языку в русскоязычной аудитории является использование песенного материала.

Песни на казахском языке имеют большие возможности для реализации учебно-воспитательных задач на занятиях казахского языка. Использование песен в учебном процессе стимулирует мотивацию и поэтому способствует лучшему усвоению языкового материала благодаря действию механизмов непроизвольного запоминания, позволяющих увеличить объем и прочность запоминаемого материала.

Questions of methodologically right selection of song material and method of its use at this or that lesson stage are considered in the article.

One of very effective methods of Kazakh language study in Russian language auditorium is use of song material.

Song in Kazakh language has great abilities for realization of educational tasks at Kazakh language lessons.

Use of songs in educational process stimulate motivation and that`s why promote better mastering of language material due to action of mechanisms of involuntary memorization,

allowing to increase volume and stability of memorizing material.

Ән – адамның жан азығы, рухани қазынасы, халықтың этикалық, эстетикалық, философиялық зердесі тоғысқан көркем туындысы.

Жекелей алсақ, поэзияның да, музыканың да шындықты бейнелеуде өз тілі, өзіне тән көркемдік құралдары бар екені даусыз. Алайда осы екеуі, яғни сөз бен әуен, ән деп аталатын бір желіге тоғысып, бір мақсатқа көгенделгенде, бірін-бірі барынша толықтырады да, сөйтіп екеуінің де мән-мағынасы жарқырай ашылады. Осылайша пайда болған ән эстетикалық күшті қуатқа айналып, әнді орындаушыны да, тыңдаушыны да зор толғанысқа бөлейді, қуанышқа кенелтеді, демалтады, ойлантады, бойын балқытып, тамырын шымырлатып, жан жүйесін ерекше сезімге толтырып, бір мезетте бояуы барынша қанық эмоциялық қуат береді. Ән жанрының осындай қуатты күдіретін оқу үдерісінде де пайдаланудың әдістемелік тиімділігін тәжірибе көрсетіп отыр.

Қазақ тілін үйретуде ән мен сазды пайдаланудың практикалық, білімдік, тәрбиелік және дамытушылық маңызы ерекше, өйткені олар білім алушылардың санасына ғана емес, көңіл-күйіне де тамаша әсер етеді.

Тіл үйрету сабақтарында әндерді қолдану аса өзекті. Олай деуімізге негіз баршылық. Біріншіден, ән-күй халық мәдениетінің бір құрамдас бөлігі болғандықтан, тіл жалаң, біржақты үйретілмейді. Екіншіден, лексикалық тақырыпқа арнайы сәйкестендіріліп алынған ән мәтінінің білім алушылардың тұлғалық қасиеттерін жан-жақты дамытуға, олардың бейнелі ойлауын, жоғары талғамын қалыптастыруға ықпалы зор.

Ән жанры - өз мәтіні арқылы халықтың әлеуметтік өмірінің барлық қырын нақты әрі көркем етіп жеткізуге қабілетті музыкалық туынды. Басқа өнер туындысы сияқты әнге де коммуникативтік қызмет тән: ән автордың шағын ғана мәтінге шеберлікпен сыйғызған ойын тыңдарманға жеткізеді, осылайша оның зердесі мен жадына, сезіміне әсер етеді. Яғни, жалпы елтану сипатындағы оқу мәтіндері білім алушыларға осы бағытта белгілі бір ақпарат бере отырып, олардың зердесі мен пайымына әсер етсе, ән елтану материалы ретінде ғана емес, сонымен қатар олардың сезімдері мен жалпы көркемдік жадына әсер ететін мықты құрал да болып табылады.

Тіл үйрету сабақтарында әнді қолданудың әдістемелік артықшылықтары қандай деген мәселеге келсек, мыналарды атар едік:

- Ән білім алушыларды эстетикалық жағынан тәрбиелеуге, оларды ұжым ретінде жақындастырып, топтастыруға, әр білім алушының шығармашылық қабілетінің анағұрлым толық ашылуына ықпал етеді. Ән әуенінің арқасында сабақта жағымды психологиялық ахуал қалыптасады, психологиялық ауыртпашылық азаяды, тілдік қызмет белсенді болады, эмоциялық көңіл-күй артады, тіл үйренуге деген қызығушылық жоғары болады.

- Ән тілдік қарым-қатынастың бір түрі ретінде лексикалық қорды берік меңгертудің, сондай-ақ оны молайтудың таптырмас құралы болып табылды. Өйткені ән мәтінінде таныс лексика жаңа мәтіндік байланыста болып, таныс сөздердің белсенді қолданыста болуын қамтамасыз етеді, сонымен қатар жаңа лексика меңгеріледі. Ән білім алушылардың қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс дыбыстауын жетілдіреді, ән айта білу қабілетін дамытады.

- Ән мәтінінде грамматикалық құрылымдар жеңіл меңгеріледі.

- Ән де, басқа музыкалық шығармалар да монологтік және диалогтік сөйлесімге шақырады, алдын ала дайындалған, сондай-ақ әзірленбеген сөйлесімді дамытуға ықпал етеді.

Енді, ән материалын сабақтың қай кезеңінде қолдану анағұрлым тиімді деген мәселеге келейік. Әнді сабақтың қай бөлімінде қолдану мәселесін әр оқытушы сабақтың жекелеген кезеңдерінің әдістемелік мақсаттарына байланысты өздері шешеді. Мәселен,

- қазақ тіліне тән дыбыстардың дұрыс айтылуына жаттықтыру үшін сабақтың бастапқы кезеңінде;

- лексикалық және грамматикалық материалдарды белсенді қолдануға жаттықтыру үшін кіріспе кезеңінде;

- сөйлесім дағдысы мен шеберлігін дамытуға ынталандыру үшін сабақтың кез келген кезеңінде;

- білім алушылардың шаршағанын басып, жұмыс қабілеттерін қайта қалпына келтіру үшін сабақтың ортасында немесе сабақ соңында пайдалануға болады.

Әр әнді пайдалану кезінде оның әдістемелік жағынан сауатты ұйымдастырылуын ескерген дұрыс. Айталық, әннің шығу тарихы, авторлары, ән арқылы айтылатын ой туралы кіріспе жасаған жөн, сонымен бірге әннің мәтінін лексикалық-грамматикалық материалдарды белсенді қолдану және бекіту мақсатында пайдалану қажет. Әнмен жүргізілетін жұмыста шамамен мынадай бірізділікті сақтаған дұрыс:

1. Ән туралы қысқаша кіріспе сөз (әннің сипаты, стилі, сүйемелдену ерекшеліктері, негізгі мазмұны, шығу тарихы және т.б.), әнді алғашқы рет тыңдап, қабылдауға дайындық жасау;

2. Әнді алғашқы рет әуендік жағынан сипаттап таныстыру; әуен, ырғақ ерекшелігі, саздық фразаларға бөлінуі;

3. Ән мазмұнын білім алушылардың түсінуін тексеру (білім алушылардың көмегімен ән мәтінін жолма-жол, сөзбе-сөз аудару);

4. Ән мәтінінің дұрыс дыбысталуына жаттығулар жасау;

5. Ән мәтініне сүйене отырып ән әуенін қайталап тыңдау;

6. Әннің мәтінін оқу;

7. Әннің әуенін топпен үйрену (сазды сүйемелдеу немесе фонограмма пайдалану арқылы).

Әннің әуені мен мәтінін үйреніп, жаттығу барысында студенттердің жадында тілдік қатысымға қажетті сөз тіркестері мен грамматикалық құрылымдар бекітіледі. Ал кейінгі сабақтарда бұрын үйренген ән мәтінін пайдалана отырып жаңа грамматикалық материалдарды жеңіл меңгертуге болады.

Тіл үйрету сабақтарында білім алушыларға эмоциялық әсер ету құралдарын пайдалану идеясы бүгін пайда болған жоқ. Қазіргі күні тіл үйрету сабақтарына таза лингвистикалық мақсаттағы материалдар ғана емес, мәдениетке бағдарланған, қарым-қатынастық, тұлғалық дамуға бағдарланған оқу материалдары іріктеледі. Әрине, білім алушылардың фонетикалық, лексикалық, грамматикалық дағдыларын қалыптастыруда әнді де, өлеңді де пайдалануға әбден болады [1; 2]. Алайда олар ән айту мен тілдік қатысымның арасын жақындастыру үшін шығармашылықпен пайдаланылса, бұл тәсілдің құндылығы одан да артады.

Әнді лексикалық-грамматикалық материалдарды пысықтап, бекіту мақсатында пайдалану бірнеше сабақ бойы кезең кезеңмен жүргізіледі.

Білім алушылармен әңгіме және пікір алмасу ұйымдастыруға қазіргі уақытта жастар арасында танымал әндер таңдалады. Студенттердің өздеріне мазмұны қызықты, терең әрі оны талқылап, өз пікірін айтуға оларды ынталандыратын әндер таңдап әкелуді тапсыруға болады. Саяси әндер халықаралық жағдай, қоғамның әлеуметтік мәселелері туралы әңгіме жүргізуге ынталандырса, лирикалық әндер адамдар арасындағы қарым-қатынас туралы әңгіме өрбітуге себеп болады.

Оқу үдерісінде әнді пайдалану білім алушылардың пәнге қызығушылығын, тіл үйренуге деген уәжін арттырады.

Адам өмірінде ән мен музыканың алатын орны айрықша дедік. Ән адамның дүниеге келген кезінен бастапқы бар өмірінде онымен қатар жүреді. Сондықтан адам өмірін әнсіз елестету мүмкін емес. Ал тіл сабақтарында ән мен сазды әдістемелік жағынан дұрыс таңдап, дұрыс пайдалану пәннің оқу-тәрбиелік міндеттерін жүзеге асыруға мол мүмкіндіктер береді.

Орыс тілді аудиторияда қазақ тілін оқыту барысында әнді пайдалану:

- дыбыстарды дұрыс айту дағдысын жетілдіруге;
- ырғақ пен интонацияда, орфоэпиялық нормаларға сай дыбыстауда дәлдікке қол жеткізуге;

- қазақ тілінен білімін тереңдетуге;

- сөздік қорды молайтуға;

- алдын ала дайындалған, сонымен қатар дайындықсыз сөйлесімді дамытуға;

- оқылым мен тыңдалым дағды-шеберлігін дамытуға оң септігін тигізеді.

Сонымен қоса, ән мен саз тіл үйрету үдерісіне жаңашылдық, дәстүрлі емес сипат беріп, білім алушылардың мерекелік, көтеріңкі көңіл-күйін тудырады. Осылайша олардың ойына, санасына, сезіміне әсер ете отырып, оқу материалдарын жеңіл игеруге септігін тигізіп қана қоймай, шаршағандарын да басады.

Әнді қазақ тілі сабақтарында пайдаланудың арқасында «оқытушы – білім алушы», «оқытушы – топ» режімдері арқылы жұмыс түрлерін таңдай отырып, оқытушының іс-әрекетін де түрлендіруге болады [3].

Қазақ тілі курсының практикалық сабақтарында біз негізінен екінші семестрдегі ғылыми стиль жанрларына дейінгі тақырыптарда ән материалдарын белсенді қолданып жүрміз. Мәселен, сабақтардың тақырыптық жоспарына сәйкес алғашқы «Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі» модулі бойынша «Анамның тілі – аяулы үні» әні пайдаланылса /Әні Ә.Тінәлиевтікі, сөзі Ш. Смаханұлынікі/, «Біздің өлке» модулі бойынша «Еділ-Жайық» /Әні И.Жақановтікі, сөзі Ж. Молдағалиевтікі/, «Менің елім – Тәуелсіз Қазақстан» модулі бойынша «Отан» әні / Әні Л.Хамидидікі, сөзі Д.Әбілевтікі/, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны», «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» модулі бойынша «Жар-жар»/Әні А. Асылбековтікі, сөзі халықтікі/, «Ұлы адамдар өмірінен» модулі бойынша өткізілетін сабақтарда Абай Құнанбаевтың «Қараңғы түнде тау қалғып», «Желсіз түнде жарық ай», «Айттым сәлем, қалам қас» т.б. әндер пайдаланылады.

Ән арқылы халықтың жан дүниесін, мәдениетін түсінуге болады, сондықтан ән үйрену барысында оқытушы білім алушының осы мәдениетті тану үдерісінде алтын көпір, олардың танымдық үдерісін белсенді етуші делдал бола алады.

Тіл үйрету сабақтарында әнмен, өлең мәтінімен жүргізілетін дәстүрлі жұмыс түрлері әнді немесе әуен мен мәтінді тыңдау, мәтінді оқу, аудару, талдау, жаттау және жатқа айту сияқты тапсырмалармен шектелетін. Соңғы жылдары тіл сабақтарында ән және өлең мәтінімен жүргізілетін жұмыс түрлеріне жаңа көзқарас қалыптаса бастады. Бұл жаңаша көзқарастың басты мәні сабақта көркем туындыларды білім алушының өз ойын өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып білдіруге үйрету құралы ретінде пайдалану болып табылады. Әрине, ән мен өлеңді фонетикалық, лексикалық, грамматикалық дағдыларды қалыптастыру үшін пайдалануға болады. Алайда бұларды тыңдау мен тілді коммуникативтік пайдаланудың арасын жақындастыруға шығармашылықпен пайдалану анағұрлым тиімдірек.

Қорыта келгенде айтарымыз, тілдік емес оқу орындарының орыс тілді топтарында қазақ тілін оқытуда ән материалдарын пайдалану тіл үйретудің анағұрлым тиімді тәсілдерінің бірі болып табылады.

Ән белсенді қолданылмайтын лексиканың таптырмас көзі саналады, әрі ол туыс емес тілдің грамматикалық ерекше құбылыстарын аса салмақ салмай-ақ қайталап отыруға мүмкіндік береді [4]. Сонымен қоса, қазақ тілі сабақтарында әнді пайдалану осы курстың оқу-тәрбиелік міндеттерін жүзеге асыруға да зор септігін тигізеді. Ән тілді меңгеруге ынталандырады, осылайша есте сақтауға бағытталған материалдардың білім алушылардың жадында берік сақталуына және бұл материалдардың көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Алайда, тіл үйрету сабақтарында пайдаланылатын ән материалдарын әдістемелік жағынан дұрыс іріктеу және сабақтың белгілі бір кезеңінде әдістемелік дұрыс қолдану мәселелері оқытушы тарапынан үлкен ізденіс пен жоғары педагогикалық шеберлікті талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Орлова Н.Ф. Совершенствование устной речи студентов старших курсов с использованием музыкальной наглядности. – М.: Просвещение, 1991. – 370 б.
2. Гебель С.Ф. Использование песни на уроке иностранного языка. //ИЯШ №5, 2009. - 28-30б.
3. Пассов Е.И. Основы коммуникативной методики обучения иноязычному общению. - М.: Рус. яз., 1982. - 276 б.
4. Кудравец О.В. Музыка и песни на уроках немецкого языка. //ИЯШ №2 - 2001. - 46-49 б.

ӨЛКЕТАНУ МАТЕРИАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ - БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ІС - ӘРЕКЕТІН БЕЛСЕНДІРУ ТӘСІЛІ

З. Б. Үмбеталина, доцент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мақалада қазақ тілі сабақтарында өлкетану материалдарын оқыту сапасын арттыру мен білім алушылардың оқу іс-әрекетін белсенді ету мақсатында пайдалану мүмкіндіктері қарастырылады. Сондай-ақ, өлкетану материалдарының білім алушыларды отанышылдыққа тәрбиелеудің тиімді құралы ретіндегі маңызына назар аударылады.

Жоғары оқу орнындағы көпжылдық тәжірибеміз орыс тілді аудиторияда оқытылатын практикалық қазақ тілі сабақтарында өлкетану материалдарын пайдаланудың білім сапасын арттыруда және білім алушыларды тәрбиелеуде мүмкіндігі мол екенін көрсетті.

Многолетний опыт использования краеведческих материалов на занятиях казахского языка в русскоязычной аудитории показывает, что краеведческий материал располагает большими возможностями, влияющими на качество обучения и воспитания обучающихся.

В статье рассматриваются вопросы использования краеведческих материалов на занятиях казахского языка с целью повышения качества обучения и активности учебной деятельности студентов.

В статье также придается большое значение краеведческому материалу как одному из эффективных средств воспитания патриотизма у обучающихся.

Questions of materials use of regional studies at lessons of Kazakh language for the purpose of quality improvement of training and activity of educational activity of students are considered in the article.

Great value to material of regional studies as to one of effective remedies of education of patriotism at trained is also given in the article.

Long-term experience of materials use of regional studies on employment of Kazakh language in Russian-speaking audience shows that the material of regional studies has large possibilities influencing quality of training and education of trained.

Қазіргі күнгі әдістемеде біртіндеп тіл үйрету сабақтарының мәдениеттанушылық қырына назар аударылып келеді. Орыс тілді аудиториядағы қазақ тілі сабақтарында бағдарламалық оқу материалдарын жергілікті материалдармен толықтыра отырып меңгерту - білім алушылар үшін танымдық жағынан қызықты, тәрбиелік жағынан пайдалы болмақ.

Өлкетану материалдарын тіл сабақтарында пайдалану барысында практикалық мақсаттармен қоса, тәрбиелік және білімдік мақсаттар кешенді түрде жүзеге асырылады. Орыс тілді аудиторияда қазақ тілін өлкетану материалдарын пайдалана отырып оқыту мынадай міндеттерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- студенттердің шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге және зияткерлік дамуына ықпал етеді;

- білім алушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіріп, дүниетанымын кеңейтуге ынталандырады;

- студенттердің тіл үйренуге ғана емес, сондай-ақ өлкетану материалдарына деген қызығушылығын туғызады;

- туған өлкесінің тарихы мен мәдениетін білуге және құрметтеуге тәрбиелейді.

Өлкетану материалдарын сөйлеу әрекетінің барлық түрлеріне оқыту барысында, яғни айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылымға үйрету кезінде пайдалануға мүмкіндіктер мол [1]. Мәселен, сөзжұмбақ құрастыру, дайын сөзжұмбақты шешу, мәтінмен жұмыс, рефераттар әзірлеу, грамматикалық тапсырмалар орындау, белгілі тақырыптар ауызша және жазбаша жүйелі баяндау, т.б.

Тіл үйретудің қатысымдық қырын баса назарға ала отырып, біз өлкетану материалдарын пайдалануда жобалау әдісін кеңінен қолданамыз. Өйткені бұл әдістің қатысымдық сипаты жоғары, шығармашылық зерттеу ахуалын туғызуға мүмкіндігі мол, білім алушылардың танымдық іс-әрекетке белсенді қатысу, бастамашылдық, тапсырмаға шығармашылық тұрғысынан келу сияқты дағдыларын дамытуға ықпал етеді және оларды осы тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді.

Мәселен, Орал қаласы бойынша қазақ тілінде өлкетану журналын құрастыруды қарастырайық. Бұл жобаны бірнеше кезеңмен жүзеге асырамыз:

- алдымен шығармашылық топтар құрылады, әр топтың алдында тұрған мақсат-міндеттер анықталады;

- жобамен жұмыс барысында білім алушылардың ізденіс, зерттеу жұмыстары ұйымдастырылады; мәселен, мұражайларға бару, тарихи орындарды көру, кітапханаларды аралау, өлкенің белгілі адамдарының өмірі және шығармашылығымен танысу, т.б.;

- студенттер қажетті лексикамен таныстырылады, жоба үшін суреттер іріктеледі;

- әр шығармашылық топ өздерінің кіші жобаларын безендіреді және өлкетану журналына материалдар іріктейді;

- өлкетану журналы презентацияланып көрсетіледі;

- дайын болған журнал одан әрі оқу үдерісінде пайдаланылады.

Осы жұмыстарды жүзеге асыру нәтижесінде «Таныс әрі бейтаныс Орал» атты көрнекі безендірілген өлкетану журналы жасалды, оның құрылымы мынадай:

Жалпы ақпарат.

Біздің қаламыздың тарихынан.

Қаланың ескерткіштері мен тарихи орындары.

Қаланың сәулет өнері.

Қаланың көше атаулары

Дәстүрлері мен мерекелері.

Өлкетану материалдары тіл мен мәдениетті оқыту барысында білімдік және тәрбиелік мақсаттарды ұштастыра жүзеге асыруға ықпал ететін маңызды дидактикалық құрал болып табылды. Бұл материалдарды тиімді пайдалану білім сапасын ғана арттырып қоймай, сонымен қатар білім алушыларды тіл үйренуге уәжін арттырып, ынталандырады.

Тіл үйрету сабақтарында өлкетану материалдарын пайдалану білім алушыларды отаншылдыққа тәрбиелеудің де маңызды құралдарының бірі деуге болады.

Отаншылдық Отанға деген, өзінің туған жеріне деген сүйіспеншіліктен, елдің тарихына, туған тіліне, ұлттық әдебиет мен мәдениетке қызығушылықтан, бұларды аса қымбат ұлттық құндылықтар ретінде бағалап, құрметтеу сезімдерінен тұрады. Жастары отаншыл мемлекеттің ғана болашағы болатыны анық. Сондықтан бұл қасиеттерді мектеп қабырғасында қалыптастырып, жоғары оқу орнында одан әрі дамытып, жетілдіру – оқытушылар қауымының үнемі назарында болатын тәрбиенің басты бағыты.

Адамгершілік пен тарихи тамырлар бір-бірінен ажырағысыз ұғымдар. Біз қазақ тілі сабақтарының тәрбиелік мүмкіншіліктерін кеңінен пайдалану арқылы тарихи сананы қалыптастыра отырып, адамгершілік идеалдарды, отаншылдық сезімдерді нығайтуға күш саламыз. Тіл үйрету сабақтарында оқытушының білім алушыларды азаматтық, отаншылдық, құқықтық мәдениет, жоғары адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеуге мүмкіндіктері мол. Бұған осы пәннің коммуникативтік сипаты, оның халықтың тұрмысы мен әдет-ғұрпын, тілін оқып үйренуге бағытталуы ықпал етеді. Қазақ тілін оқыту барысында патриотизмге тәрбиелеу мазмұны осы моральдық қасиетті бойында тәрбиелеуге білім алушылардың өзін

ынталандыратын оқу және оқудан тыс жұмыстарға тартып, белсенді қатыстыруға бағытталған мақсатты іс-әрекеттер кешенінен тұрады.

Қазақ тілі практикалық сабақтарында жергілікті мәдени-ұлттық және өлкетанушылық сипаттағы қызықты, танымдық тұрғыда тартымдылығы жоғары мәтіндердің өзімен сан алуан (мәтін алды, мәтін бойынша және мәтіннен кейінгі) жұмыстар атқарылады. Осылайша білім алушының болашақ мамандық бағыты мен тілдік дайындығына сай іріктелген танымдық тұрғыдағы мәтіндер тіл үйрету үдерісінің кішкене ғана бір бөлшегі бола тұра, туған өлке тарихы мен мәдениетін танып, құрметтеуге және оларды мақтаныш етуге тәрбиелеудің маңызды құралына айналады.

Мәтінмен жүргізілетін жұмыстарға арналған мәтіндер кешені «Өз өлкенді таны», «Сіз білесіз бе?», «Оқыңыз, қызық!» т.б. тақырыптар бойынша топтастырылып жинақталады. Бұдан басқа грамматикалық тапсырмалармен ұштастырылатын ақпараттық сипаттағы өлкетану мәтіндерінің де тіл үйретуге тигізер көмегі зор.

Тіл сабақтарында өлкетану материалдары негізінде жүргізілетін маңызды жұмыстардың бірі - білім алушылардың өз шығармашылығына негізделіп құрылған мәтінде [2]. Осы бағытта жүргізілетін жұмыстарға проблемалық сипаттағы сұраққа мәселенің басты тақырыбын ашатындай етіп жазбаша толық жауап беру, түрлі жанрда шығармалар жазу, өлкетану тақырыбында мәнжазбалар орындау т.б. үлгідегі тапсырмалар жатады.

Өңірлік мәдениеттану мазмұнында берілетін тапсырмалардың бірқатары мынадай:

1. *Сөз тіркестерін байланысу түрлеріне қарай топтап жазыңыздар.*

Абай алаңы, Жайық тұрғындары, ескі собор, Мәңгілік алау, шынайы өнер, драма театры, Ресей Федерациясымен шектеседі, алыстан көз тартады, солға бұрылу, көне ескерткіштер, жауапкершілікпен қарау, көздің қарашығындай сақтау, мемлекет бақылауына алынған, М.Мәметованың мұражай-үйі, орталық демалыс саябағы, Карев үйі, Ағайынды көпес Ванюшкиндердің үйі.

2. "Сіз білесіз бе?"

Оқып шығып, тыныс белгілерін қойыңыздар. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін табыңыздар.

Орал – Қазақстанның ежелгі қалаларының бірі. Қалада XVII-XIX ғасырдың сәулет өнеріне жататын тарихи ғимараттар жетерлік. Солардың бірі - қала орталығындағы Карев үйі.

Ғимарат 1900 жылы тұрғызылған. Ол үйді бастап салған миллионер көпес А.Т. Карев болатын. Тарихи деректерге қарағанда қожасы осы үйдің құрылысын тексеріп жүргенде баспалдақтан құлап кетіп мерт болған. Құрылысты оның әйелі Д.Ф. Карева аяқтаған. Жалпы Каревтер тұқымы бұл үйде тұрмаған оны жалға қонақ үйге өткізген.

Орал қаласындағы ең әдемі осы ғимаратта кезінде «Ақсүйектер жиналысы» болып тұрған кейіннен мейрамханасы бар Коммерциялық клуб болды ал бірінші қабатында дүкендер орналасты. Кеңес Үкіметі кезінде бұл ғимаратта көптеген мекемелер жұмыс істеді. Соның ішінде облыстық «Приуралье» газеті де осында болды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Кеңестік Қызыл Армияның әскерлеріне арналған үлкен әскери госпиталь болды.

Қазіргі таңда бұл ғимаратта Ж. Молдағалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық ғылыми әмбебап кітапханасы мен Ғ.Құрманғалиев атындағы облыстық филармония орналасқан. XIX ғасырдың тарихи ескерткіші болып табылатын бұл ғимарат мемлекет бақылауында.

3. *Сіз топсеруен жүргізушісіз, алдымен қаланың серуен өтетін жерін таңдап алыңыз да, соған байланыстырып серуенге келгендерге қаратылып айтылатын мына сөйлемдерді аяқтаңыздар.*

Сіздердің назарларыңызды ... аударғым келеді. ... назарларыңызды аударыңыздар. ... міндетті түрде назар салыңыздар. ... көңіл аударсаңыздар екен. Енді ... мойын бұрыңыздар.

4. *Мына мақалдармен келісесіз бе? Өз ойыңызды шағын мәтінмен пайымдаңыздар.*

Туған жерге туың тік. Туған жер - алтын бесік. Ел-елдің бәрі жақсы, өз елің бәрінен жақсы. Отансыз адам – ормансыз бұлбұл. Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол.

5. *Шығармадағы ойды жалғастырыңыздар.*

а) Отан неден басталады? Бұған әу дегеннен жауап бере салу әсте қиын. Осы сәтте біреу туған жерінің ақ шаңқан бұлтты ашық аспанын, бетінде күн сәулесі шағылысқан көгілдір көлін

көз алдына елестетсе, енді біреулер топырағы табанына майдай тиетін шексіз даланы, үшіншілері – еліміздің кең жазира даласын есіне түсірер... Ал «Отан» дегенде менің ойыма ең әуелі не келеді?...

ә) «Менің Отаным» дегенде адамдардың не туралы ойлайтынының бәрін дөп басып айта қоюға болар ма екен? Ал мен осы бір мағынасы терең сөзге бұл дүниеде мен үшін қымбат нәрсенің бәрін сыйдырғым келеді...

б) Менің қалам, менің ауылым... Ол қандай? Мен үшін оның орны қандай? Ол маған несімен ұнайды? Бәлкім, оны мен жай ғана осы жерде туғаным үшін, ата-анамның, үйімнің, достарымның осы жерде болғаны үшін жақсы көретін болармын...

6. Төмендегі сұрақтарды басшылыққа ала отырып, туған өлкеңіз (қалаңыз, ауданыңыз, ауылыңыз) туралы ауызша қызықты баяндауға дайындалыңыз:

1) Туған қалаңыздың пайда болу тарихы туралы не білесіз? Туған қалаңыздың атауы қалай пайда болған? Ал кейін ол атау өзгерді ме?

2) Туған өлкеңіздің өткенінен қандай оқиға сізді мақтаныш сезіміне бөлейді, неліктен?

3) Сіздің қалаңызда қандай мұражайлар бар? Олар қашан құрылған? Олар несімен қызықты?

4) Өлкеңіздің өткені туралы қандай архитектуралық ескерткіштер сыр шерте алады? Олар қашан пайда болған? Олардың авторлары туралы не білесіз?

5) Туған өлкеңіздің қандай географиялық атауларынан оның тарихын тануға болады? Туған жеріңіздің көше, алаң атаулары не туралы айта алады? Олар туралы сіз не білесіз?

6) Туған өлкеңіздің табиғаты несімен көрікті? Сізге несімен жақын, несімен қымбат? Қоршаған ортаны қорғау үшін не істелуде?

7) Туған өлкеңіздің бүгінгі қандай, несі толғандырады?

8) Туған өлкеңіздің келешегін қалай елестетесіз? Оған сіздің қосар үлесіңіз қандай болмақ? Қандай көмегіңіз тиеді?

7. Ұсынылған тақырыптармен мұқият танысып шығып, біреуін таңдап, шығарма жазыңыздар.

1. Туған қала тарихының шежірелі беттері. 2. Менің тамаша жерлестерім. 3. Қала көшелерінің тарихы. 4. Оралдың археологиялық ескерткіштері. 5. Оралдың көрнекті орындары. 6. Ескі қала ескерткіштері қандай сыр шертеді? 7. Орал мұражайлары. 8. Ақжайық өңірі әдебиетте. 9. Орал театрлары. 10. Орал ән қанатында. 11. Ақжайық өңірінің этнографиясы. 12. Айжайық жерлестер шығармашылығында. 13. Орал туралы ой. 14. Менің сүйікті қалам. 15. Ескі және жаңа Орал. 16. Ғимараттар не туралы айта алады? 17. Туған қаламның өткені, бүгінгі және болашағы. 18. Менің қаламның ертеңі. 19. Туған жерім – алтын ұям, бесігім! 20. Таныс әрі бейтаныс қала. 21. Танысып қойыңыздар, Орал қаласы!

Жалпы айтқанда, тіл үйрету сабақтарында пайдаланылатын өлкетану материалдары әр сабақтың білімдік, тәрбиелік және дамытушылық мақсатына сай алдын ала жинақталып, іріктеліп, топтастырылып, жүйеленуі тиіс. Осылайша сұрыпталған мәтіндер тақырыбы мен мазмұны, құрылымы мен танымдық маңызы жағынан тіл үйренушілердің деңгейіне, қызығушылығына сәйкес болып, әдістемелік дұрыс пайдаланылған жағдайда білім алушылардың оқу және танымдық іс-әрекетін белсенді етеді және тіл үйренуге, өз бетінше ізденіп жұмыс жасауға ынталандыра отырып, оқыту сапасын арттыруға сөзсіз ықпалын тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Лыжова, Л.К. Региональный компонент в преподавании русского языка // РЯШ. - 1994. - № 4. - 11-14 б.
2. Сорокина, Ю.А., Марковина, И.Ю. Текст и его национально-культурная специфика // Текст и перевод. - М.: Наука, 1988. - 78-84 б.

Мазмұны Содержание

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ АГРОНОМИЯ

<i>Абуова А. Б., Кожгаалиева А. К.,</i> УРОЖАЙНОСТЬ ЯРОВОЙ ПШЕНИЦЫ В ЗАВИСИМОСТИ ОТ ПРЕДШЕСТВЕННИКОВ	3
<i>Айтмуханова З. М., Пазылова Г. К.,</i> ҚҰНДЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ ҚАНТТЫ ПЕЧЕНЬЕНІҢ КЕҢ АССОРТИМЕНТТЕРІН ӨНДІРУДІҢ МҮМКІНДІГІ... ..	6
<i>Баймуканов Е. Н., Батина А. А., Предыбайло А. А.,</i> ИЗМЕНЕНИЕ АГРОКЛИМАТИЧЕСКИХ УСЛОВИЙ ВОЗДЕЛЫВАНИЯ ОЗИМЫХ КУЛЬТУР В ПРИУРАЛЬЕ	10
<i>Бисенгалиева Н. С., Разакова А. М.,</i> ҚЫМЫЗДЫ САҚТАУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ	14
<i>Браун Э. Э., Чекалин С. Г., Осипенко Н. В.</i> ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРИЕМОВ ОБРАБОТКИ ПАРА И ТЕХНОЛОГИЙ ВОЗДЕЛЫВАНИЯ ЗЕРНОВЫХ КУЛЬТУР	16
<i>Габдулов М. А.,</i> ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРОТРАВЛИВАНИЯ СЕМЯН ЯРОВОЙ ПШЕНИЦЫ ...	21
<i>Насиев Б. Н.,</i> ҚОҒАМДЫҚ МАЛДЫ ҚҰНАРЛЫ АЗЫҚПЕН ҚАМТУ БАСЫМДЫ ШАРА ...	26

ЗООТЕХНИЯ

<i>Есенгалиев К. Г., Траисов Б. Б., Каражанов А. Ж., Балагалиев Ж. С.,</i> ВОСПРОИЗВОДИТЕЛЬНАЯ СПОСОБНОСТЬ БАРАНОВ-ПРОИЗВОДИТЕЛЕЙ АКЖАЙКСКОЙ МЯСО-ШЕРСТНОЙ ПОРОДЫ... ..	29
<i>Касенов Т. К., Оспанов С.Р., Омашев К. Б.,</i> НОВАЯ ПОРОДА ОВЕЦ «ЕТТІ МЕРИНОС»... ..	33
<i>Косилов В. И., Шкилев П.Н., Никонова Е. А., Андриенко Д.А.,</i> ОСОБЕННОСТИ НАКОПЛЕНИЯ ПИТАТЕЛЬНЫХ ВЕЩЕСТВ В ТЕЛЕ И БИОКОНВЕРСИЯ ПРОТЕИНА И ЭНЕРГИИ КОРМА В МЯСНУЮ ПРОДУКЦИЮ МОЛОДНЯКА ОВЕЦ ОСНОВНЫХ ПОРОД НА ЮЖНОМ УРАЛЕ	37
<i>Косилов В. И., Мироненко С. И., Никонова Е. А., Андриенко Д. А.,</i> ОСОБЕННОСТИ РОСТА И РАЗВИТИЯ МОЛОДНЯКА КРАСНОЙ СТЕПНОЙ ПОРОДЫ И ЕГО ДВУХ - ТРЕХПОРОДНЫХ ПОМЕСЕЙ	41
<i>Косилов В. И., Крылов В. Н., Никонова Е. А., Губашев Н. М.,</i> ОСОБЕННОСТИ БИОКОНВЕРСИИ ПИТАТЕЛЬНЫХ ВЕЩЕСТВ КОРМА В МЯСНУЮ ПРОДУКЦИЮ МОЛОДНЯКА КАЗАХСКОЙ БЕЛОГОЛОВОЙ ПОРОДЫ И ЕЕ ПОМЕСЕЙ СО СВЕТЛОЙ АКВИТАНСКОЙ НА ЮЖНОМ УРАЛЕ	45
.....	
<i>Сапарова Ж. И.,</i> НАСЛЕДОВАНИЕ ЭЛЕМЕНТОВ СУРОВОСТИ В СЕЛЕКЦИИ КАРАКУЛЬСКИХ ОВЕЦ СУРХАНДАРЬИНСКОГО СУРА БРОНЗОВОЙ РАСЦВЕТКИ РАЗЛИЧНОГО ПРОИСХОЖДЕНИЯ В КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ	49
<i>Токсеитов М. Т.,</i> КАЧЕСТВО ПОТОМСТВА ЧЕРНЫХ КАРАКУЛЬСКИХ ОВЕЦ В ЗАВИСИМОСТИ ОТ РАЗМЕРОВ ЗАВИТКА П/Х «АКДАЛА» ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ	52
<i>Токсеитов М. Т.,</i> ТОВАРНЫЕ КАЧЕСТВА ЧЕРНОГО КАРАКУЛЯ ЖАКЕТНОЙ ГРУППЫ П/Х «АКДАЛА» ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ... ..	55
<i>Траисов Б. Б., Есенгалиев К. Г., Жанаква Э. С., Каражанов А. Ж.,</i> ХАРАКТЕРИСТИКА МОЛОЧНОЙ ПРОДУКТИВНОСТИ ОВЦЕМАТОК АКЖАЙКСКОЙ МЯСО-ШЕРСТНОЙ ПОРОДЫ	58

ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

<i>Абирова И. М., Валиева Ж. М., Бригида А. В.,</i> ГЕЛЬМИНТЫ И ГЕЛЬМИНТОЗЫ ПИЩЕВАРИТЕЛЬНОГО ТРАКТА СОБАК В Г. УРАЛЬСК И ИХ САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ...	61
<i>Днекешев А. К., Джубанышева Г. Х.,</i> ҚАЗАҚ БАКТРИАН ТҰҚЫМЫ ТҮЙЕСІНІҢ САУСАҚ ЖӘНЕ АРТҚЫ ЖІЛІНШІК СҮЙЕКТЕРІ АУМАҒЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ НЕРВТЕРДІҢ АНАТОМИЯСЫ ЖӘНЕ МОРФОМЕТРИЯСЫ...	64
<i>Днекешев А. К., Токтамысова С. К.,</i> БАКТРИАН ТҮЙЕНІҢ АРТҚЫ ЖІЛІНШІК АУМАҒЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ АРТЕРИЯЛАРДЫҢ МОРФОМЕТРИЯЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕРІ...	69
<i>Какишев М. Г., Утепова А. К., Дарменова А. Г., Зулхарнаева Р. Г.,</i> ПТР ӘДІСІН BRUCELLA SPP, BRUCELLA ABORTUS, BRUCELLA MELITENSIS ДЕТЕКЦИЯ ЖӘНЕ ДИФФЕРЕНЦАЦИЯ ҮШІН ҚОЛДАНУ...	73
<i>Канатбаев С. Г., Туяшев Е. К., Базарбаев М.,</i> ФИЗИОЛОГИЧЕСКОЕ СОСТОЯНИЕ КРУПНОГО РОГАТОГО СКОТА В ЗОНЕ КАРАЧАГАНАКСКОГО МЕСТОРОЖДЕНИЯ	76
...	
<i>Кереев Я. М., Нуржанова Ф. Х.,</i> ОБЗОР РЕЗУЛЬТАТОВ ИССЛЕДОВАНИЙ ОПИСТОРХОЗА В ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ	80
<i>Кушалиев К. Ж., Монтаева Н. С., Жумағалиева Г. К.,</i> ИЗУЧЕНИЕ ИММУНОМОРФОЛОГИЧЕСКИХ ИЗМЕНЕНИЙ В ОРГАНИЗМЕ МОРСКИХ СВИНОК ВАКЦИНИРОВАННЫХ ВАКЦИНОЙ БЦЖ И ВЫДЕЛЕНИЕ ДНК С ИНДИКАЦИЕЙ...	83
<i>Нуралиев Е. Р.,</i> ДИКСАМ ДЛЯ ДЕЗИНФЕКЦИИ ГОФРОВОЙ ТАРЫ. АЛЬТЕРНАТИВА ФОРМАЛИНУ	86
<i>Нуралиев Е. Р.</i> ДЕЗИНСЕКЦИЯ ФЛАЙ И КВИК БАЙТОМ	91

ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

<i>Айдарханова А. К.,</i> ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ҚОРЛАРДЫ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ ӘДІСТЕРІНЕ ШОЛУ	96
<i>Бактығұлов А. Б., Вишневская В. Е., Беркалиева Г. Г.,</i> ГЕОЛОГИЧЕСКОЕ СТРОЕНИЕ ЧИНАРЕВСКОГО НЕФТЕГАЗОКОНДЕНСАТНОГО МЕСТОРОЖДЕНИЯ ЗКО В СВЯЗИ С НЕФТЕГАЗОНОСНОСТЬЮ	100
<i>Баймаков Г. Н., Лукпанова А. Н., Кухта В. С.,</i> ВЛИЯНИЕ ЩЕЛЧЕВАНИЯ МНОГОЛЕТНИХ ТРАВ НА КАЧЕСТВО ПОЛИВА ДОЖДЕВАЛЬНЫМИ МАШИНАМИ	104
<i>Гумаров Г. С., Сахиев Б. Ж.,</i> ...ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛДАРЫН ЖЕҢІЛДЕТУ	107
<i>Куптлеуов Т. С., Есбосынов К. Т., Куптлеуова К. Т.,</i> ТОПЫРАҚТЫ НЕГІЗГІ ӨҢДЕУГЕ АРНАЛҒАН КҮРДЕЛІ СОҚАЛАРДЫҢ ЖҰМЫС ОРГАНДАРЫНЫҢ КОНСТРУКЦИЯЛАРЫН ТАЛДАУ	110
<i>Куптлеуова К. Т., Куптлеуов Т. С.,</i> ... СЕПАРАТОРДЫҢ КОНСТРУКТИВТІ - ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПАРАМЕТРЛЕРІН ЕСЕПТЕУ НЕГІЗДЕРІ	114
<i>Уразғалиев Т. К., Остриков В. В., Гайнеддинова Д. Р., Ермаханова А. М.,</i> ЭКСПРЕСС –	

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

Айешева Г. А., Муканова Н., СОСТОЯНИЕ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ
ИННОВАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ЗАПАДНО - КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ 122

Графкин В. Н., Молдашев Г. К., Аринкин Е. А., Шукин В. А., ЧЕТЫРНАДЦАТЬ
ПРИНЦИПОВ МЕНЕДЖМЕНТА КАЧЕСТВА ДЕМИНГА 126

Молдашев Г.К., Аринкин Е.А., Адилов М. Т., Шукин В.А., ПРОЕКЦИЯ ПРИНЦИПОВ
МЕНЕДЖМЕНТА КАЧЕСТВАДЕМИНГА НА КАЗАХСТАНСКУЮ ВЫСШУЮ ШКОЛУ 130

Муканова Д. К., Қазамбаева А.М., БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
КЕДЕНДІК САЯСАТТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БАҒЫТТАРЫ 134

Хусаинов Б. М., Шналиева З. И., ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БИОЭТАНОЛ
ӨНДІРІСІ МЕН АСТЫҚТЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБЛЕТТІЛІГІНІҢ 139
АСПЕКТІЛЕРІ.....

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ
ЭКОЛОГИЯ**

Мурзаев Т. К., Ким А. И., Антипова Н. В., СОСТОЯНИЕ ПОПУЛЯЦИИ САЗАНА РЕКИ
УРАЛ В ЗКО..... 143

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ
ХИМИЯ**

Адырова Г. М., Джарасова А. С., АНАЛИЗ ЗОЛОШЛАКОВЫХ ОТХОДОВ И СИНТЕЗ
СУЛЬФАТА АЛЮМИНИЯ НА ЕГО ОСНОВЕ 147

**ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ФИЛОСОФИЯ**

Аманбаева, М. Р. К ПРОБЛЕМЕ СМЫСЛА ЖИЗНИ: ОПЫТ САМОПОЗНАНИЯ 152

Сарсенов К., ВОЗНИКНОВЕНИЯ ИСЛАМСКОГО ФАКТОРА..... 155

**ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ТАРИХ**

<i>Балжанова Г. Ж.</i> , АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ – ХАСАН НҰРМҰХАМЕДОВ	158
<i>Тналиев М. М.</i> , ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАРИХИ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ СӨЗДІГІ (БАШҚҰРТТАР)	161



ПЕДАГОГИКА

<i>Zhakirova, Kismetova G. N.</i> , EDUCATION STUDENTS TERMINOLOGY ARE NONLINGUISTIC FACULTY FOR CASE DEPARTMENT OF MECHANICAL ENGINEERING	164
<i>Искакова Ш. Г.</i> , СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ДАМУ	168
<i>Қаржауова Г. Г.</i> , СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗ БЕТІМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУҒА АРНАЛҒАН ӨЗДІК ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР МЕН ҰСТАНЫМДАР	171
<i>Үмбеталина З. Б.</i> , ҚАЗАҚ ТІЛІН ОРЫС ТІЛДІ АУДИТОРИЯДА ОҚЫТУДАҒЫ ӘН МЕН МУЗЫКАНЫҢ РОЛІ	174
<i>Үмбеталина З. Б.</i> , ӨЛКЕТАНУ МАТЕРИАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ - БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ІС - ӘРЕКЕТІН БЕЛСЕНДІРУ ТӘСІЛІ	178

Авторларға арналған ереже

«Ғылым және білім» ғылыми-практикалық журналы қазақ, орыс және ағылшын тілінде әр тоқсан сайын шығады. Журналдың негізгі тақырыптық бағыты – ғылыми, ғылыми-техникалық және өндірістік мақалаларды жариялау. Журналда негізгі секция бойынша ғылыми зерттеу жұмыстары және олардың өндіріске енгізіу нәтижелері жарияланады: ауыл шаруашылық ғылымдары (агрономия, зоотехния, орман шаруашылығы), ветеринарлық ғылымдар, техникалық, экономикалық, жаратылыстану (жер туралы, физика-математикалық, химиялық, биологиялық, экологиялық ғылымдар), гуманитарлық ғылымдар (тарихи, философиялық, әлеуметтік, заңгерлік, педагогикалық).

Журналға барлық ғылыми бағыттар бойынша қолжазба мақалалар қабылданады. Журналға жариялауға жоспарланған ғылыми-техникалық және өндірістік мақалаларға редакция алқасы пікір жазып, бекітеді.

Бекітілген материалдар редакциядағы жарияланым кезегінің «портфельіне» орналастырылады. Пікір жазу, бекіту кезеңі 1-3 ай аралығын қамтиды, кейін жарияланым кезегін күтеді.

Жарияланым жылдамдығы материалдың өзектілігіне және тақырып бойынша редакция «портфельінің» толуына байланысты.

«Ғылым және білім» журналына мақала дайындаған кезде төмендегі ережелерді жетекшілікке алуды ұсынамыз:

1. Материалдар (2 дана) баспа және электронды нұсқада, Word редакторында А4 пішіндегі ақ парақ бетіне бір интервалмен, барлық жағынан 2 см орын қалдырылып, 11 кегельдегі Times New Roman қарпімен жазылып, ұсынылады.

2. Қолжазбаларда әмбебап ондық жіктеуіш индексі болу керек – **ӘОЖ** (ғылыми кітапханалардағы индексация жетекшілігімен сәйкес).

3. Мақала тақырыбы – жарытылай қарайтылған бас әріптермен, 12 кегельдегі Times New Roman, Times New Roman КК ЕК қарпімен, ортаға түзете қойылады.

4. Аты-жөні, тегі, ғылыми лауазымы, ғылыми дәрежесі, мекеменің толық атауы көрсетіледі (12 кегельде ортаға түзете қойылады).

5. Түйіндеме қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде (11 кегель, курсив, Times New Roman, Times New Roman КК ЕК қарпі) жазылады.

6. Қолданылған әдебиеттер тізімі ГОСТ 7.1-2003 (12 әдебиеттен аспау) мемлекет аралық стандартқа сәйкес мақала соңында, мәтінде көрсетілген сілтемеге сәйкес берілуі керек.

7. Графикалық материалдар графикалық редакторда орындалып, мәтін арасына салынады. **Сурет** атауларында барлық белгілері көрсетіледі. **Кестелерге** тақырып жазылып, нөмірленіп, рет-ретімен орналасуы керек (3 кесте, 5 суреттен аспау керек және 9 шрифт, жартылай қарайтылған).

8. Қолжазбаның жалпы көлемі, түйіндеме, сурет және кестемен қосқанда **3-8 беттен** аспау керек.

9. Мақалаға міндетті түрде барлық авторлардың қолы қойылады (4 автордан аспау керек).

10. Мақала соңында автор жөнінде мәлімет (ұйым атауы, лауазымы, ғылыми дәрежесі, мекен-жайы, байланыс телефоны) көрсетіледі.

11. Жарияланым мүмкіндігі жөнінде әрбір мақалаға ҒЖ жөніндегі проректор бекіткен **сарапшы қорытындысы** толтырылады.

Редакция мақалалардың әдеби және стильдік жақтарын өңдемейді. Қолжазбалар мен дисктер қайтарылмайды. Талапқа сай жазылмаған мақалалар жарияланымға шықпайды және авторларға қайтарылады.

Өзге жоғары оқу орнының авторлары үшін журналда мақала жариялау жарнасы 1500 теңге. Мекен-жайымыз:

090009, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51.

«Ғылым және білім» – «Наука и образование» Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың ғылыми-практикалық журналы.

Анықтама телефоны: 51-61-30.

E-mail: nio_red@mail.ru

Журналда мақала жариялау жарнасын мына есеп-шотқа аударуға болады:

РМҚК «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті»

РНН 270 100 216 151

БИН 021 140 000 425

ИИК KZ 516010181000027495 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Батыс Қазақстан Филиалы

БИК HSBKZKX КБЕ 16

Правила для авторов

Научно-практический журнал «Ғылым және білім» выходит ежеквартально на казахском, русском и английском языках. Основная тематическая направленность журнала – публикация научных, научно-технических и производственных статей. В журнале публикуются результаты научных исследований и их внедрения в производство по основным секциям: сельскохозяйственные науки (агрономия, зоотехния, лесное хозяйство), ветеринарные науки, технические, экономические, естественные (наука о земле, физико-математические, химические, биологические, экологические), гуманитарные науки (исторические, философские, социологические, юридические, педагогические).

В журнал принимаются рукописи статей по всем научным направлениям. Научно-технические и производственные статьи, планируемые к опубликованию в нашем журнале, проходят процедуру рецензирования и утверждения на редакционной коллегии.

При положительных заключениях материалы помещаются в "портфель" редакции в очередь на опубликование. Процедура рецензирования-утверждения занимает срок от 1 до 3 месяцев, далее ожидание на публикацию.

Скорость публикации зависит от актуальности материала и заполненности "портфеля" редакции по данной тематике.

При подготовке статей в журнал «Ғылым және білім» рекомендуем руководствоваться следующими правилами:

1. Материалы предоставляются в печатном (2 экз.) и электронном виде, в редакторе Word А4 с полями 2 см со всех сторон листа, гарнитура Times New Roman, кегль 11, интервал одинарный.

2. Рукопись должна иметь индекс универсальной десятичной классификации – **УДК** (в соответствии с руководством по индексации, имеющемся в научных библиотеках).

3. Заглавие статьи – прописными (заглавными) буквами, полужирный, кегль 12 пунктов, гарнитура Times New Roman, Times New Roman КК ЕК, (абзац центрированный).

4. Инициалы, фамилия, ученая степень, ученое звание, (количество авторов не более 4) полное наименование учреждения (кегель 12 пунктов, абзац центрированный).

5. Аннотация на казахском, русском и английском языках, не менее трех предложений (кегель – 11 пунктов, курсив, гарнитура Times New Roman, Times New Roman КК ЕК).

6. Список использованной литературы должен быть оформлен в соответствии с межгосударственным стандартом ГОСТ 7.1-2003 (не более 12 источников) размещен в конце статьи с соответствующими ссылками по мере упоминания в тексте.

7. Графический материал должен быть встроен в текст и выполнен в графическом редакторе. Подписи приводятся с указанием всех обозначений (абзац центрированный, полужирный). **Таблицы**, (9 шрифт, полужирный) пронумерованные по порядку, должны иметь заголовки (Таблиц – не более 3-х, рисунки – не более 5-и).

8. Общий объем рукописи, включая аннотации и с учетом рисунков и таблиц **3-8 страниц**.

9. Статья, в обязательном порядке, подписывается **всеми авторами** (не более четырех авторов).

10. Сведения об авторах (организация, должность, ученая степень, адрес, контактный телефон) указать в конце статьи.

11. Для каждой статьи заполняется **экспертное заключение** о возможности опубликования, утвержденное проректором по НР.

Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи. Рукописи не возвращаются. Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются и возвращаются авторам.

Стоимость одной статьи для вневузовских авторов составляет 1500 тенге. Рукописи и электронные варианты следует направлять по адресу:

090009, г. Уральск, ул. Жангир хана, 51

Научно-практический журнал ЗКАТУ имени Жангир хана «Ғылым және білім» – «Наука и образование»,
Телефон 51-61-30.

e-mail: nio_red@mail.ru

Банковские реквизиты при перечислении денежных средств за опубликование статей:

РГКП «Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана»

РНН 270 100 216 151

БИН 021 140 000 425

ИИК KZ 516010181000027495 Зап. Каз. Филиал АО «Народный Банк Казахстана»

БИК HSBKZZKX

КБЕ 16

«Ғылым және білім»

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің

ғылыми-практикалық журналы

2005 ж. шыға бастады

Қазақстан Республикасының Мәдениет,

ақпарат және спорт министрлігі

Ақпарат және мұрағат комитеті

Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы

15.06.2005 ж. № 6132-Ж. куәлігі берілген

«Ғылым және білім»

Научно-практический журнал Западно-Казахстанского аграрно-технического

университета имени Жангир хана

Издается с 2005 года

Зарегистрирован в комитете информации и архивов

Министерства культуры информации и спорта РК.

Свидетельство о постановке на учет средства массовой информации

№ 6132-Ж. от 15.06.2005 г.

**Редакторы: Д. Ж. Есентаева,
Ж. К. Жумағалиева,
Н. Ю. Спрыгин**

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық
университетінің редакциялық-баспа бөлімі

*БҚАТУ баспаханасында басылды
Форматы 30 x 42 ¼ Офсетті қағаз 80 м/г
Көлемі 23,1 т. Таралымы 500 дана
30.03.2012 ж. басуға қол қойылды. Тап. 125
090009 Орал қ., Жәңгір хан көшесі, 51
Анықтама телефоны 51-61-30
E-mail: nio_red@mail.ru*